



ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласында Ұлттық ұланның авиация базасының ашылу рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы ең алдымен жиынға қатысушыларды алдағы Отан қорғаушы күнімен құттықтап, бұл отаншылдық сезімді оятап, жауынгерлік рухты арттыратын мәртебелі мереке екенін айтты. Сонымен қатар Қарулы Күштерді егемен еліміздің мықты қалқаны, бейбітшілік пен тұрақтылықтың мызғымас тірегі ретінде атап өтті.

– Авиациялық базаның ашылуы – Ұлттық ұлан ғана емес, бүкіл әскеріміз үшін айтулы оқиға. Бұл база күштік құрылымдардың әлеуетін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Ұшқыштардың шұғыл әрекет етуіне жағдай жасайды. Мемлекет Қарулы Күштерді жабдықтап, әскери инфрақұрылымды дамыту мәселесін айрықша назарда ұстайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бірқатар өңірінде болған алапат тасқынға қарсы күресте сарбаздардың алдыңғы шептен табылып, антқа адал болудың озық үлгісін көрсеткеніне тоқталды.



– Осы орайда әскери ұшқыштардың кәсіби тұрғыдан білікті және шебер әрекетін ерекше атап өткім келеді. Олар зардап шеккен аймақтарға гуманитарлық жүк жеткізді. Азаматтарды қауіпсіз жерге көшірді. Соның бәрін мінсіз атқарды. Осындай қиын-қыстау кезде халықпен бірге болған сарбаздарға зор ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскеріміздің сапында өз ісінің нағыз кәсіби

мамандары қызмет ететінін жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстанның әскери қызметшілері БҰҰ аясындағы түрлі халықаралық миссияларға қатысып, бітімгерлік борыштарын табысты атқарып келеді. Биыл олар өз міндеттерін Голан жоталарында алғаш рет дербес орындауға кірісті. Бұл әскеріміздің дайындық деңгейінің жоғары екенін және еліміздің әлемдік аренадағы беделінің өсіп келе жатқанын анық көрсетеді.

– Халқымыз ержүрек жауынгерлерін қадір тұтқан, оларға құрмет көрсеткен. Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Талдықорған қаласындағы әскери авиабазаға жерлесіміз, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің атын беру туралы тапсырма бердім. Алматылық данқты ұшқыштың өнегелі өмірі ұрпаққа әрдайым үлгі болуы керек. Мұндай бастама ұлттық әскеріміздің беделін арттыра түсеті-

ні сөзсіз. Ел үшін жасалған ерлік ешқашан ұмытылмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әскери қызметшілердің ержүрек батырлар мен данқты бабалардың жолын абыроймен жалғастырып келе жатқанын айтып, олардың Отан алдындағы қызметтеріне табыс тіледі.

Шара барысында Мемлекет басшысына Қарулы Күштердің, басқа да әскери құрамалардың ұшақтары мен тікұшақтарының, жауынгерлік және арнаулы техникаларының жаңа үлгілері таныстырылды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев авиабазадағы бірқатар инфрақұрылымдық нысанды аралап көрді. Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Еркін Ботақанов жауынгерлік тапсырмаларды өз деңгейінде орындау үшін базада барлық жағдай жасалғанын мәлімдеді. Содан кейін Президент әскери қалашықтың Данқ залына барып, Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды. Авиазаның Астана әуе айлағында орналасуы жеке құрам мен техниканы қажет жеріне уақытылы жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ әуеден барлау жүргізу, зардап шеккендерді эвакуациялау кезінде Ұлттық ұланның бөлімшелеріне авиациялық қолдау көрсетеді.

Амангелді МЕЙРАМБЕКҰЛЫ, психолог:

ЛУДОМАН ОЙЫНҚҰМАР ЕКЕНІН МОЙЫНДАМАЙДЫ

Лудомания, яғни қарапайым тілмен айтқанда құмар ойындарына деген тәуелділік бүгінгі күннің күйіп тұрған мәселесіне айналды. Себебі қайда қарасаңыз да лото, ойын автоматтары, спортқа ставка қою секілді жеңіл ақша табуға үндейтін жарнамаларға кез боласыз. Жай ғана назар аударумен шектелген адамның жарасы жеңіл, әрине, бірақ көп жағдайда «бағым шауып кетер ме» деген алдамшы үміт жетектей кетпесіне кім кепіл? Маркетингтің майталмандары қолданатын айла-амалдың алдында ішкі тірегінен айырылған кей азаматтар дәрменсіз бе дерсің. Осы жайында оның түпкі себебі мен одан емделудің жолдары туралы психолог, логотерапевт Амангелді Мейрамбекұлымен әңгімелескен едік.

» 5



ҚОРҚЫТ АТА БАСЫНДАҒЫ
ҚОҢЫР КҮЙ



10
БЕТ

ЖӨНСІЗ ҚҰРЫЛЫС,
ЖҮЙЕСІЗ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ



12
БЕТ



АЛҚАБИЛЕР СОТЫ – АРДЫҢ СОТЫ

Биыл сот саласында тарихи өзгеріс болады: Голливуд фильмдері арқасында көз көріп, құлақ естіген алқабилер сотының классикалық моделіне Қазақстан да көшпек. Оған сәйкес, құпия кеңесу бөлмесіне енді судья кіргізілмейді, тиісінше ол алқабилерге қысым көрсетіп, өз ұстанымын таңа алмайды. Бұл Президенттің тапсырмасымен жүзеге асып жатқан сот реформасының басты бір жаңашылдығына айналмақ.

» 6

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ ОҢАЛТУ – КЕҢЕС НАЗАРЫНДА

Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің кезекті отырысы мүгедектігі бар адамдарды медициналық, еңбек және әлеуметтік оңалту мәселелеріне арналды. Іс-шара барысында сенаторлар мемлекеттік органдардың және сарапшылар қауымдастығының өкілдерімен бірге аталған санаттағы азаматтарды қолдауға арналған ұсынымдар топтамасын әзірледі. Сондай-ақ оларды әрі қарай іске асыру мәселелерін талқылады.

Сенат Төрағасы қатысушыларға ілтипат білдіріп, Мемлекет басшысы әр азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыруға тең жағдай жасалатын инклюзивті қоғам қалыптастыруға баса мән беретінін атап өтті. Қазір елімізде бұл бағытта шешуді қажет ететін бірқатар мәселе бар. Мәселен, әлемдік тәжірибеде мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа алудың және олардың кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді екені дәлелденген. Соған қарамастан қазақстандық компаниялар мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуетін пайдалануға аса ынталы емес. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, бұған еңбек нарығының ерекше қажеттілігі бар азаматтардың сұраныстарына бейімделмеуі себеп болуы мүмкін.

«Бәріне тең мүмкіндік берілетін инклюзивті қоғам қалыптастыру – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы



Тоқаевтың реформаларының маңызды басымдықтарының бірі. Біріншіден, бұл – медициналық көмекке тең әділ қолжетімділік, сапалы білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімделуге арналған мүмкіндіктер. Бұл ретте әлеуметтік оңалтуды дамыту да маңызды. Әлеуметтік оңалтудың тиімді тетіктерінің бірі жұмыспен қамту екені анық. Алайда бүгінде еңбекке қабілетті мүгедектігі бар азаматтардың 36 пайызы ғана жұмыспен қамтылған», – деді Сенат Спикері.

Сонымен қатар отырыста инклюзивті білім беру мәселесі де талқыланды. Бұл ретте тек физикалық тұрғыдағы кедергісіз орта қалыптастыру жеткіліксіз екені айтылды. Инклюзивті білім беру дегеніміз – икемді бағдарламалар,

бейімделген техникалық және білім беру құралдары, сондай-ақ педагогтердің тиісті құзыреті. Алайда өңірлерде әлі де болса педагог және реабилитолог мамандар тапшы болып отыр.

Бұдан бөлек, палата Төрағасы мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалтуда тек медициналық шеңбермен шектелуге болмайтынын айтты. Бұл маңызды әлеуметтік мәселе кешенді тәсілдер мен мүдделі тараптардың жүйелі іс-қимылын талап етеді.

«Жыл сайын білім беру саласында ерекше оқу қажеттілігі бар балалардың саны артып келеді. Ұлттық зерттеулердің мәліметтеріне сүйенсек, педагогтердің 50 пайызы мұндай жұмыс форматына және әр балаға жеке оқу жоспарын әзірлеуге дайын емес. Сондықтан

ерекше оқу қажеттілігі бар балалармен жұмыс істей алатын мұғалімдер мен тәрбиешілер даярлаудың заманауи үлгісін әзірлеу қажет. Яғни, оңалтуды кешенді процесс ретінде дамыту аса маңызды. Осы бағытта Парламент Сенаты өз тарапынан тиісті бастамаларды заңнамалық тұрғыдан қолдауға, қажетті заңдар әзірлеп, қабылдауға дайын», – деді Мәулен Әшімбаев.

Айта кетейік, Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңес былтырғы қазан айында құрылды. Оның басты міндеті – мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қолдау және олардың қоғам өміріне, еңбекке белсенді араласуын қамтамасыз ету. Кеңес алаңында бұған дейін мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту

және инклюзивті орта құруда бизнестің рөлі, сондай-ақ қаржылық қызметтер мен инфрақұрылымға қолжетімділік мәселелері талқыланды.

Кеңестің бүгінгі отырысында депутаттармен бірге Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова, Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазин, БҰҰ-ның мүгедектік және оңалту жөніндегі халықаралық сарапшысы Оксана Владимирова, Медицина ғылымдарының докторы Шолпан Бөлекбаева, «Қамқорлық қоры» корпоративтік қорының координаторы Айнұр Нұрхожаева, Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті Әмин Аскеров, «Шанс» мүгедектерді оңалту орталығының төрағасы Василий Шиманский және тағы басқа мамандар сөз сөйлеп, қозғалған тақырыпқа қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты.

Отырыстың қорытындысы бойынша, Кеңес айтылған ұсыныстарды зерделеп, арнайы ұсынымдар әзірлеп, оларды мемлекеттік органдарға жолдайды. Сондай-ақ депутаттық сауалдар арқылы да маңызды мәселелер бақылауда болады. Мұның бәрі ерекше қажеттілігі бар азаматтарды медициналық, еңбек және әлеуметтік оңалтуға оң ықпалын тигізбек. Бұдан басқа, Сенат таяу жылдарға арналған республикалық бюджетті қараған кезде де оңалту мәселелерін назарда ұстайды.

ЗАМАНАУИ ГАЗ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ҚҰРЫЛАДЫ



Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Энергетика министрлігі және «Қаз-МұнайГаз», QazaqGaz, «Самұрық-Энерго», KEGOC, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ компаниялары басшылығының қатысуымен Энергетикалық кеңес отырысы өтті.

Кеңес отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қатар мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни арасында биылғы ақпан айында қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуын бақылау мәселесі қаралды.

«QazaqGaz» ҰАҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешов бірлескен газ жобаларын іске асыру барысы туралы баяндады. Қатардың UCC Holding компаниясымен бірге қуаттылығы жылына 1 млрд м³ және

2,5 млрд м³ болатын екі газ өңдеу зауыты, жаңа КС-14 компрессорлық стансасы және «КС-14-Костанай-Ақтөбе» магистралды газ құбыры, сондай-ақ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГК екінші желісі салынады.

ГӨЗ құрылысы өңдеу қуатын арттыру арқылы шикі газды тиімді пайдалануға бағытталған. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырының екінші желісін салу оңтүстік, орталық және солтүстік өңірлерді газбен жабдықтаудың, сондай-ақ экспорт көлемін сақтаудың арқасында Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Жаңа компрессорлық станса мен «Ақтөбе-Костанай» магистралды газ құбырын іске қосу Қостанай облысының халқы мен өңірдің өнеркәсіп кәсіпорындарын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жиынға қатысушылар мәміленің негізгі шарттарын бекітті. QazaqGaz және UCC Holding жалпы маңызды төрт жоба бойынша ортақ келісімге келгені атап өтілді. Алдағы уақытта оларды бірлесіп жүзеге асыру жұмыстары басталады.

Премьер-Министр жобаларды іске асыру кезінде QazaqGaz ұлттық компаниясы тобының ішкі құзыреттерін және отандық өндірушілердің өнімдерін барынша пайдалануды тапсырды. Сонымен қатар Энергетика министрлігіне газ саласының табыстылығын әрі қарай арттыру жөнінде тапсырмалар берілді.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІҢ 67%-Ы ОНЛАЙН ТІРКЕЛЕДІ



Қазақстан азаматтары көп жағдайда жылжымайтын мүлігін онлайн тіркейді. Былтырғы жылмен салыстырғанда Blockchain технологиясы арқылы жасалатын мәмілелер саны 2,5 есеге артты. 2024 жылдың бірінші тоқсанында осы бағытта шамамен 25 мың операция орындалды.

Бүгінде екінші деңгейлі банктердің платформалары арқылы кепілді (қайта кепілге қоюды) және оның тоқтатылуын онлайн режимде тіркеуге болады. Айта кетейік, бұл қызмет Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ

Түркістан, Қарағанды және Алматы облыстарында сұранысқа ие.

Сонымен қатар Мемлекеттік корпорация қарыз шарты бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді және шарт талаптарының өзгеруін тіркеу мүмкіндігін іске асырды. Бұған қоса, тұрғын емес үй-жайларды кепілді тіркеу де қолжетімді.

Blockchain технологиясы банктердің жылжымайтын мүлікті кепілге алу арқылы несие беру кезіндегі несиелерді онлайн рәсімдеуді жеңілдетеді, шығындарды азайтады және өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартады. Осы әдіс пәтерді бұрынғыдай 3 күнде емес 1 сағатта рәсімдеуге мүмкіндік береді.



Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

Есірткі қылмысына жаза қатаңдайды

Жалпы отырыста Мәжіліс заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашева есірткі қылмысына қарсы күресті прекурсорлар мен зертханалық жабдықтарды заңсыз жеткізудің жолын кесуден бастау керек екенін, алайда қолданыстағы заңнамада оларға контрабанда үшін ғана жауапкершілік белгіленгенін атап өтті.

«Қылмыстық кодекстің 301 және 303-баптарына прекурсорларды заңсыз дайындағаны, өңдегені, сатып алғаны, сақтағаны, тасымалдағаны және жөнелткені үшін қылмыстық жауапкершілікті, яғни олардың заңсыз айналымы үшін, сондай-ақ олармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылықты көздейтін түзетулер енгізу ұсынылады. Сонымен қатар прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттарды дайындауға немесе өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтардың заңсыз айналымы да қылмыстық жазаға тартылуы керек», — деді С.Имашева.

Жұмыс тобының жетекшісі Дмитрий Колода Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында есірткінің заңсыз өндірісін есірткі қылмысының аса қауіпті түрлеріне тенестіруді тапсырғанын айтты. Өз кезегінде депутаттар осы бап үшін жазаны өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін енгізуді ұсынды. Сондай-ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 174-бабына түзетулер енгізіледі. Оған сәйкес, психоактивті заттарды қолдануға байланысты мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдар клиникадан шығарылғаннан кейін динамикалық бақылауға жатады және онда емнен өтуге міндетті. Сонымен қатар отырыста Мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері жөніндегі заң жобасы бірінші оқылымнан өтті. Оны Парламент депутаттары Мемлекет басшысының Ұлттық статистика бюросын реформалау және цифрландыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатымен өзірледі. Жиында заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы статистикалық ақпаратты қалыптастыру

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар мемлекеттік статистика және деректерді басқару және есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады.

тәсілдерін өзгерту жөнінде бірнеше рет тапсырма берді. Үлкен деректер мен цифрландырудың даму дәуірінде ақпарат жинаудың ескі әдістері өзектілігін жоғалтты. Заң жобасы деректерді басқару және статистикалық ақпаратты қалыптастыру тәсілдерін қайта қарау үшін құқықтық жағдай жасайды», — деді депутат.

Екатерина Смышляева өзгерістер аясында деректерді басқару жөніндегі талаптар Үкіметтің қаулысымен бекітілетінін айтты. «Ұлттық регистрлерге» құқықтық мәртебе беріледі. Бұл — электрондық үкімет архитектурасы шеңберінде барлық сала бойынша эталондық деректерді қамтитын базалар. Қайталанатын және дұрыс емес мәліметтер болмайды. Депутаттың айтуынша, әкімшілік деректердің сапасына бақылау енгізіледі, уәкілетті орган Ұлттық статистика бюросы болады. Дата-бақылаушылар институты енгізілуде. Олар электрондық үкіметтің деректерін ұлттық тізімдерге сәйкес бағалайды. Сонымен қатар ғылыми-зерттеулер мақсатымен және жасанды интеллект модельдерін оқыту үшін деректерді пайдалану тәртібі реттел- мек. Бұдан басқа, балама деректер

ұғымы енгізіледі. Бұл — әкімшілік және статистикалық емес деректер. Ұлттық статистика бюросының келісімі бойынша олар статистикалық есептер мен деректерді талдау үшін ұсынылатын болады. Ұлттық анықтамалық ақпарат ұғымы да енгізіледі. Ол жіктеуіштер, каталогтар, анықтамалар мен номенклатуралар жиынтығын білдіреді.



Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы» және ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларын жұмысқа алды. Отырыс соңында депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 18 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, бір топ партияластарының атынан Премьер-Министр Олжас Бектеновке депутаттық сауал жолдаған «AMANAT» фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжан бытыр Алматы облысының бюджетіне 45 млрд теңге жергілікті салық түспеуі себебінен тапшылық туындап отырғанын жеткізді.

«Облыс әкімдігінің бірнеше рет өтініші беруіне байланысты былтыр желтоқсан айында республикалық бюджеттен Үкімет резерві арқылы 28 млрд теңге сомасында көмек көрсетілді. Нәтижесінде, 17 млрд теңге құрайтын бюджеттік міндеттемелер орындалмай қалып отыр. Ал алдын ала есептеулер бойынша биыл ықтимал шығындар шамамен 40 млрд теңге болмақ. Осы ретте облыстағы қалыптасқан жағдайға көңіл бөліп және 2023 жылғы өтпелі қарыздарды өтеуге бағытталған осы жылдың қаражатын қалпына келтіруге (16,7 млрд) ықпал етуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар республикалық бюджетті нақтылау кезінде 2024-2025 жылдардағы жергілікті кірістер болжамының орындалмауы ескеріліп, облыс бюджетінің теңгерімділігіне нысаналы трансферттер бөлінуі қажет», — деді ол.

Ал келесі бір депутат Қайрат Балабиев еліміздің туристік әлеуетінің толық пайдаланылмай отырғанын мәселе етіп көтерді. Әлемдік экономикада қарқынды әрі табысты бизнестің бірі саналатын бұл сала Қазақстанда тұрпайы сипатта. Ауылдарымыз жұпыны, жолдарымыз тозған, жарық пен байланыс, сервистік қызмет жок. Соның кесірінен тамаша табиғат-

сіпкерлер жеңілдіктерді пайдалана бастағанда бұл үдеріс тоқтатылды. Бұл мәселе «AMANAT» партиясы араласуымен анықталып, туризмді оналту мүмкіндіктері бақылауға алынды. Ендеше Қазақстандағы туризмнің дамуына тікелей әсерін тигізетін отандық автобус паркін жаңарту мен ішкі сұранысты қамтамасыз ету мақсатында, басқа мемлекеттерден әкелінетін жаңа автобустарды қайта өңдеу жинағы мен көлікті бастапқы тіркелуден босату туралы шараларды қарастыруларыңызды сұраймын», — деді ол. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жолдаған депутаттық сауалына.

Депутат Нартай Сәрсенғалиев еліміздің батысындағы табиғи апатқа кезекті рет назар аударды. Мәселен, БҚО-да су тасқынынан 1 292 тұрғын үйге зақым келген. Соның 116-сы — Қаратөбе, 243-і — Сырым, 218-і — Бөрлі, 649-ы — Теректі, 43-і — Бәйтерек, 6-уы Таскала ауданында, ал 17 үй Орал қаласында орналасқан. Сол сияқты Деркөл, Шаған және Жайық өзендеріндегі су деңгейінің көтерілуі салдарынан 14 839 саяжай учаскесін су басқан. Оның 14 466-сы — Орал қаласында, 112-сі — Бәйтерек, 245-і — Бөрлі, 16-сы Теректі аудандарында орналасқан. Бір өкініштісі, «ағынды судың астында қалған саяжай иесіне қанша ақша беріледі немесе қашан, қай жерден басқа үй ұсынылады?» деген сұрақ жауапсыз қалып тұр. Одан да басқа шешімін күткен мәселе аз емес.

«Біріншіден, су астында қалған баспана мен саяжайларды бағалауы тиіс комиссия жұмысын бірізге келтіру керек. Ол үшін әр аймақтағы комиссияның әр үй бойынша қорытындысы, негіздемесі, фото-видео дәлелдемелері нақты бір жерге жинақталуы қажет. Баспанасы қираған саяжай иелерінің өтемақысы әділетті бағалауға тиіс. Сондай-ақ әр үйдің, саяжайдың, техника мен төрт түліктің өтемақысы қашан төленетіні әр қорытындының ішіне жүктелсін. Ол ақпараттармен барлық азаматтың танысу мүмкіндігі болуы шарт.

Тағы бір кезек күткізбейтін проблема: су астында қалған мыңдаған саяжайдың ауласында лас қалдықтарға арналған шұңқырлар болды, демек ондағы қалдықтар су бетіне шықты, сондықтан ол аумақтарға дереу санитарлық-профилактикалық шаралар жүргізу қажет», — деді «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Нартай Сәрсенғалиев.

Оның айтуынша, ең бастысы Үкіметтің маңызды қаулыларын бүгінгі тосын жағдайға сәйкес дереу өзгерту керек. Ондағы төтенше жағдайлар кезіндегі үй беру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен өтемақы төлеу тетіктерін қайта қарап шығу қажет. Оның ішінде «Төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы №1222 қаулысына және «Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» уәкілетті министрліктің 2022 жылғы 8 ақпандағы №60 бұйрығына өзгерістер енгізілуге тиіс.

Тасқыннан кейінгі тіршілік



БҚО-да су тасқынынан келген зардапты жою жұмыстары басталып кетті. Бүгінде аудандарда су тасқынынан кейін тұрғын үйлерді қалған қалдықтарды тазалау жұмыстары басталды. Жалпы, аймақ бойынша 420 үй тұрғын үйлерді қалдықтардан тазалау жұмыстары басталды. Бірақ бұл сан әлі өзгереді. Себебі комиссия әлі үйлерді аралап, тексеру жұмыстарын жүргізуде. Соның ішінде су кетпей, комиссия өте алмай жатқан жерлер де бар.

Биылғы тасқын оңай болған жоқ. Облыс бойынша 1 321 үйге су кірген. Оның ішінде 420 үй жарамсыз болып отыр.

— Бүгінде Қаратөбе, Сырым, Теректі, Бәйтерек, Бөрлі аудандарында жарамсыз деп танылған тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстары басталды. Атап айтқанда, салынатын жаңа тұрғын үйлердің жер учаскелері анықталып, ескі орындарды бұзылып, жер жұмыстары жүргізілуде, — деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары Тілепберген Каюпов.

Осы жұмыстарды көзбен көру мақсатында Теректі ауданы Подстепное ауылына бардық. Біз бас сұққан көшеде бірнеше үйді бұзу жұмыстары жүріп жатыр екен.

Бұл — Нұрсұлтан Болат есімді азаматтың үйі. Нұрсұлтан ауылға су келіп қалды дегенде жігіттермен бірдей бөгет тұрғызу жұмыстарына көмектескенін айтады. Алайда екі кештің ортасында өз үйі суға кетіп қалыпты. «Үйдегі үлкендер мен бала-шағамды шығарып үлгердім», — деп еске алады Нұрсұлтан.

— Жігіттермен далада жұмыста жүргем. «Үйің суға кетіп жатыр» дегенді естіп, жүгіріп келдім. Келіп балаларды, ата-анамды шығарып алдым. Олар қазір ағайындарымыздың үйінде тұрып жатыр. Үйге кірген су бес күн тұрды. Мен кіріп, қарап шықтым. Су беліме дейін келді. Кейін үйдің іргесі сөгіліп, құлады. Бүгін енді құрылыс компаниясынан келіп үйді бұзып, орнын тазалап жатыр. Осы жерге 80 шаршы метрлік, үш бөлмелі үй салып береміз деді, — дейді құрылыс басында жүрген ауыл тұрғыны Нұрсұлтан Болат.

Подстепное ауылы бойынша 56 үй салынады деп жоспарланып отыр. Бұл туралы бізге Теректі ауданы әкімінің орынбасары Ерлан Амандықов айтып берді.

Аудан әкімі орынбасарының айтуынша, жалпы Теректі ауданы бойынша 80-нен астам үй тұрғын

жарамсыз деп танылған. Соның ішінде 56 үй осы Подстепное ауылында салынады.

— Қазір Аңқаты ауылында 24 үйдің құрылысы басталды, — деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары Ерлан Амандықов.

Қазір өңірде тұрғын үйлерді салатын мердігер компаниялар анықталып, олар өз жұмысын бастады. Аткарушы билік халыққа қажетті үйді қазан айының ортасына дейін бітіріп береміз деп уәде беріп отыр.

Биыл облысты су тасқынынан қорғап қалу мақсатында 150 шақырым бөгет тұрғызылған.

— Уақытылы қабылданған шаралардың арқасында Орал қаласы, Бәйтерек, Бөрлі, Ақжайық және Теректі аудандарындағы Жайық өзенінің бойында орналасқан елді мекендерді су баспады, — деді Тілепберген Каюпов.

Десе де, қазір облыс аумағында ашылған 12 эвакуационный пунктте 2 358 адам орналастырылған. Оның 1 344 үлкендер болса, 1014-і — бала. Зардап шеккендерге жалпы 346 млн теңгеге 598 тонна азық-

түлік, 252 тонна қажетті тауар және 4 тонна дәрі-дәрмек беріліп, гуманитарлық көмек көрсетілді.

Су тасқыны салдарынан 2 342 бас мал шығынға ұшыраған. Оның 341-і ірі қара, 63-і жылқы, 1 741-і жандық болса, 116-сы шошқа және 81-і үй құсы. Оның орнын толтыру жұмысы да жүріп жатыр.

— Қазір шығындарды өтеу жұмыстары жалғасып жатыр. Мал шығынын өтеуге облыстық бюджет резервінен 187,5 млн теңге бөлінді. Күні бүгін 141 өтініш білдірушіге 126,9 млн теңге көлемінде қаражат беріліп, 1 000 бас мал шығыны өтелді, — деді Тілепберген Ерсайұлы.

Брифинг барысында облыс әкімінің орынбасары материалдық мүлкті өтеудің жоғарғы шекті құны 150 АЕК болып белгіленгенін де атап өтті. Ол — 553,8 мың теңге. Материалдық мүлкті өтеу тиісті бағалау жұмыстары өткізілгеннен кейін жүргізіледі.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



Алматы облысының прокуратурасы өңірдегі табиғат қорғау заңнамасының сақталуын үнемі назарда ұстап отырады. Дәл қазір алдан шығатын заңсыздықтар арасында қоршаған ортаға қатысты заң талаптарын бұзу деректері жиі кездеседі.

Соның ішінде жер қойнауын пайдалануда жөнсіздіктер жетерлік. Мәселен, облыстың мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы заңсыз жер қойнауын пайдалануға қатысты 15 деректі анықтапты. Қазір ішкі істер органдары аталған заңсыздықтар бойынша ҚК-тің 334-бабымен (жер қойнауын өз бетінше пайдалану) 5 қылмыстық істі тергеуде. Осындай бұзушылықтар кесірінен қоршаған ортаға 4 млрд теңгеден астам шығын келтірілгені белгілі болыпты.

Прокурорлық қадағалау барысында пайдалы қазбаларды өндіруге лицензияларды заңсыз берудің 5 дерегі, келісімшартта қарастырылған аумақтардан тыс қары жерлерге шығып кетудің 33 дерегі, су қорғау белдеулері шегінде пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізудің 23 дерегі, жер қойнауын пайдаланғаннан кейін сол учаскелерді қайта қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерді орындамаудың 70 дерегінің бетін ашып, санитариялық-қорғау аймақтарының келісімсіз және сақталуынсыз әрекет ететін 120-ға жуық жер

Жер қойнауын пайдаланудағы жөнсіздіктер

қойнауын пайдаланушыны анықтаған.

Белгілі болған заңбұзушылықтар бойынша уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары тәртіптік жауапкершілікке шақырылып, 41 адамға 4 млн теңгеден астам сомаға айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағайындалған, 7 келісімшарт бұзылып, 30-дан астам жер қойнауын пайдаланушының жұмысы тоқтатылған. Лицензияларды қайтарып алу туралы 5 талап және жосықсыз жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауын пайдаланудың зардаптарын жоюға мәжбүрлеу туралы 20 талап қойылған.

Сонымен бірге 24 жер қойнауын пайдаланушының 3 жылдан астам уақыт бойы пайдалы қазбаларды өндіру үшін жер учаскелерін пайдалануға берілген құқығын іске асырмағаны анықталды. Мұндағы мәселе кәсіпкерлерде жер қойнауын пайдалану құқығы бар екеніне қарамастан жергілікті атқарушы орган жер пайдалану құқығын беру жөнінде шаралар қолданбағанында болған екен. Аткарушы органдағы осындай салғырттық кесірінен жер қойнауын пайдаланушылар кәсіп-



керлік қызметтерін дер кезінде жүзеге асыра алмаған және соның салдарынан орынсыз шығындарға ұшыраған. Прокуратураның ұсынысы бойынша облыс әкімдігі жер комиссиясын құрды, комиссия отырысында 13 кәсіпкердің жер қойнауын пайдалану бағытындағы жұмысын нысаналы мақсатқа сәйкестендіру және

оларға жер пайдалану құқығын беру туралы мәселе оң шешімін тапқан.

«Бұзушылықтарды анықтау және көлеңкелі жер қойнауын пайдалану деректерінің жолын кесу жөніндегі қадағалау, талдау шаралары алдағы кезде де жалғаса бермек және олардың нәтижелері бойынша жер қойнауын пай-

далануға байланысты процестің барлық қатысушысының іс-әрекеттеріне құқықтық баға берілетін болады», — дейді облыстық прокуратураның баспасөз қызметі.

Осыған орай өткізілген үйлестіру кеңесінің отырысы қорытындысында пайдалы қазбалардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық мобильді топ құру, пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру деректері анықталған кезде қажетті материалдарды жинау және іс-қимыл тетігі бойынша құқық қорғау және мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін алгоритм әзірлеу, жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органдардың бақылау функцияларын күшейту үшін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу, мемлекеттік органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың анықталған бұзушылықтарды жоюдың жолдарын өзара бірлесіп қарастыруы, жер қойнауы заңсыз пайдаланылған орындардағы учаскелерді кен қазуға дайын кәсіпкерлер арасында конкурстық негізде бөлу туралы шешімдер қабылданды.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы



Лудомания, яғни қарапайым тілмен айтқанда құмар ойындарына деген тәуелділік бүгінгі күннің күйіп тұрған мәселесіне айналды. Себебі қайда қарасаңыз да лото, ойын автоматтары, спортқа ставка қою секілді жеңіл ақша табуға үндейтін жарнамаларға кез боласыз. Жай ғана назар аударумен шектелген адамның жарасы жеңіл, әрине, бірақ көп жағдайда «бағым шауып кетер ме» деген алдамшы үміт жетектей кетпесіне кім кепіл? Маркетингтің майталмандары қолданатын айла-амалдың алдында ішкі тірегінен айырылған кей азаматтар дәрменсіз бе дерсің. Осы жайында оның түпкі себебі мен одан емделудің жолдары туралы психолог, логотерапевт Амангелді Мейрамбекұлымен әңгімелескен едік.

Амангелді МЕЙРАМБЕКҰЛЫ,
психолог:

ЛУДОМАН

ОЙЫНҚҰМАР ЕКЕНІН МОЙЫНДАМАЙДЫ

— Лудомания деген не, оның түрлері бола ма?

— Лудомания дегеніміз, қазақша ойынға тарту деген мағына білдіреді. Бұл тәуелділіктен туындайтын дерт. Оны біз жеңіл немесе күрделі деп түрге бөле алмаймыз, себебі құмар ойындардың қай-қайсысы болмасын адам санасын улау арқылы өмірін құрдымға кетіреді. Бір рет жеңіл ақшаның дәмін татқан соң, әрине қарызға батқан кезде де адам одан шығудың осындай жеңіл жолдарын іздейді. Осылайша, алғашында маңызсыз болып көрінген кішігірім ойындар да ішкі тірегі жоқ адамдарды соңында үлкен қателіктерге әкеліп ұрындыруы мүмкін. Әрине, қазір ғылым-білім дамыған заманда кез келген тәуелділікті емдеуге болады. Бірақ ең бастысы, одан айыққан азаматтар мұндай дүниелерден бойын аулақ салуға бел байлағаны абзал.

— Көп жағдайда мұның себебін отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауынан іздеп жататындар бар. Шындап келгенде, құмар ойындарына әуестіктің пайда болуына қандай факторлар әсер етеді?

— Оның себебін отбасындағы тәрбиеден іздеудің қажеті жоқ. Себебі логотерапияда «детерменизм» деген ұғым бар. Бұл принцип себеп-салдар мәселелерін қарастыратын түсінік. Оған сәйкес баланы жаман тәрбиелесең, ол жаман, жақсы тәрбиелесен жақсы болып ер жетеді. Яғни, сен белгілі бір әрекет жасайсыңда, болашақта соның нәтижесін күтесің. Иә, өсімдіктер мен жануарлардың табиғатын детерменизм арқылы қарастыруға болады. Бірақ адамның іс-әрекеттеріне детерменизм ұғымы арқылы талдау жасау, баға беру әсте дұрыс емес. Себебі мүлде тәрбие бермеген отбасылардан да саналы азаматтар өсіп-жетілуі мүмкін. Сол секілді көзі ашық, көреген ата-аналардың да балалары көптеген қателікке ұрынып жатады. Сондықтан әңгіме адам тағдырына келіп тірелгенде біз кейбір жайттардың алдын алуға қауқарсыз болып қаламыз. Бірақ баланы өте қатты тәртіппен өсірсеніз, белгілі бір уақытқа дейін ол тұйықтау болып өсуі мүмкін. Дегенмен есейе келе балада өз қызығушылығына сай ұмтылыс пайда болып, өзін тәрбиелейді, адамдармен қарым-қатынас құру арқылы өміріне қажетті тәжірибе мен қабілеттерді ала алады.

Ата-ананың берген тәрбиесі белгілі бір уақытқа дейін ғана әсер етеді. Психологияда симбиотикалық қарым-қатынас деген ұғым болады. Ол дегеніміз — біреудің өмірін жұтып қою немесе өз өмірін өзге біреуге жұтқызуға ұмтылу. Мысалы, сәби күнінде әке-шешесі баланың өміріне қатты алаңдайды. Соның нәтижесінде «анда барма, мына жерде оқы, мына баламен дос болма» деген секілді көптеген шектеу пайда болады, қызығушылықтары мен университеті, тіпті мамандық пен жар таңдауға да араласады. Бір сөзбен айтқанда, ата-ана бала үшін шешім қабылдайды. Нәтижесінде баланың өмірін жұтып қоюы мүмкін. Ал бала 18 жасқа дейін өзі қателіктерінен қорытынды шығарып, ғибрат алып, бойындағы әлеуетін ашуға ұмтылуы қажет. Сонда ғана ол тұлға ретінде «Мен кімін, қолымнан не келеді?» деген сынды сұрақтарға жауап беруге қауқарлы болып қалыптасады. Мұндай өмірлік тәжірибе болмағандықтан, уақыт өте келе адам осындай ойындарға тап болған сәтте ми оны ақша табудың жеңіл жолы ретінде қабылдап, әуестігі арта береді. Ал ол жолдан бас тартып өзге іспен шұғылданады десе, өмірлік тәжірибе жетіспейді, өзіне сенімсіз болады. Сондықтан тәрбиелеу барысында қиындықтарды «табиғи» жолмен еңсеруді үйреткен жөн. Ол сәби күнінен 1-1,5 жасында басталады: бала өзі қасық ұстауға, киімін, аяқкиімін өзі киюге ұмтылады. Мәселен, енді аяғы шыққан сәтте кішігірім кедергілерден өткенде бала мақтанады, дәл осы сәтте ата-анасы оны қолпаштап, қолдау көрсеткені дұрыс. Ал біз баланың өсіп жетілуі барысында қауіпсіз орта қалыптастырамын деп керісінше, табиғи үрдістердің тамырына балта шауып жатқанымызды байқамай қаламыз. Еркіндікте ер жеткен адам сәтті-сәтсіз көптеген тәжірибенің арасынан өз жолын адаспай таба алады.

— Мектеп жасында баланы шектен тыс бақылау да түбінде тәуелділікке әкелуі мүмкін бе?



— Ата-ана кейде балаға қамқорлық жасаймын деп, қиянат жасағанын байқамай жатады. Дос таңдау мәселесінде де бала өзі таңдау жасағаны абзал. Сіз оны қанша жерде жақсы мектепке берсеңіз де, тап-тұйнақтай болып жүруіне жағдай жасасаңыз да, ол барып кір-қожалақ, әке-шешесінен мейірім көрмеген бір баламен дос болуы мүмкін. Әрадамның өз першесті болады десек, «көшпенің» тәрбиесін көрген бала сіздің балаңыз үшін періште болып көрінуі мүмкін. Ол осылайша адамдармен қарым-қатынас құруды, сөйлесуді, өзіне сенімділігі артып, мейірім беруді, қамқорлық көрсетуді үйренеді.

— Лудомания кедей елдерде көп таралатыны қаншалықты рас?

— Мұндай пікірмен мен келісе алмаймын. Себебі қазір нарықта әр адамның қалтасына сай құмар ойындарына тартудың түрлі амалы қарастырылған, адам санасын ойынға байлаудың көптеген жолын көруге болады. Мысалы, казиноларға кез келген адамның қаржысы жетпейді. Оған тек байбағландар мен ауқатты азаматтар ғана кіруге қауқарлы. Бұл жоғарыда айтып өткенімдей, психологияға келіп тіреледі. Ортада адамның өмірлік тәжірибе алу процесіне ата-анасы араласып, өз қамқорлығымен оны «жұтып» осы ең басты проблема. Ер жеткен бала

сәтсіздікпен бетпе-бет келгенде, барынша қиындықтан қорғаштап, алдына түсіп көлеңкеден шығармау оның «олақ» тұлғаға айналуына алып келеді. Егер оқуға түсе алмады ма, құрылыс немесе сауда саттықпен айналысады, одан шығып кетсе кәсіпкерлікпен шұғылданады, осылайша адамда бір мәселені бірнеше жолмен шешу дағдысы қалыптасады. Сондықтан елімізде, әрине құмар ойындары өзекті проблема, бірақ бала тәрбиесі мен оның емін-еркін ер жетуі одан да өзекті дер едім.

— Бұл да бір ауру десек, одан емделу мүмкін бе?

— Өз тәжірибемен сүйенсем, маған лудомания мәселесімен келген пациенттердің барлығында дерлік симбиотикалық қарым-қатынасты көремін. Яғни, баланың өмірінде оның қызығушылықтарына орын жоқ. Мысалы, мынадай жағдайлар кездеседі. «Мен әскерде қызмет еткім келеді» деген балаға «сен үйдің жалғызсың, одан да мынадай іспен шұғылдан» деп скрипкаға береді де, оның қалауларына нүкте қояды. Әрине, мұндай жағдайда баланың өмірге деген құлшынысы жоғалады. Есейген сәтте тұрмыстық қажеттіліктер туындайтыны айқын. Нәтижесінде, айналамызда қауқарсыз құмар ойындарының жарнамасы оны байқап көруге итермелейді. Ал бір рет оның қы-

зығын көрген адам, әрі қарай оның құрығынан құтылуы қиын. Асқынған жағдайларда тек реабилитациялық орталықтар ғана көмектесе алады. Себебі ол жерде адамды кешенді түрде емдеу шаралары қолданылады. Мысалы, логотерапияда адамды тәні, жаны, рухы деп үш қабаттан тұрады деп қарастырады. Осы үш қырына да жеке-дара әдістерді қолдану арқылы адамды қайтадан өмір сүруге ұмтылдырады. Тәннің емі ол — спорт. Жанын психология қағидаларына сәйкес табиғат аясында серуендеу, музыкалық инструменттерде ойнау секілді тағы басқа жаңа позитивті эмоциялар беру арқылы қалпына келтіреді. Ал рухани қабатты емдеу бұл «Мән» мәселесіне келіп тіреледі. Адамның өмірлік көзқарасына қатысты негізгі сұрақтарға жауап табуына жәрдем беру. Бірақ лудоман «мен тек ойын ойнағанды ұнатамын, басқа нәрсе менің қолымнан келмейді» деуі мүмкін, сол секілді алкоголь те «мен тек ішімдік ішкеннен басқа дүниеге қызықпаймын» деуі ғажап емес. Сондықтан оның өмірлік мақсаты, өзі шұғылданауын істің мән-маңызын, сезімдерінің қай қабаттан шығып жатқанын көрсету, ұғындыру, сана мен рухтың аражігін ажыратып көрсету керек. Осы сәтте оның дүниетанымы өзгереді. Біздің лудомания деп отырғанымыз — бұл шартты нәрсе. Адам санасы үшін бұл ең оптималды нұсқа болып көрінуі мүмкін, өйткені 500 теңге салып, 20 мың ұтып алуым мүмкін деген үміт пайда болады.

— Емделу барысында пациент қандай этаптардан өтеді және ойынқұмар адамның ақша салғаны есінде болмауын қалай түсінуге болады?

— Лудоман, әрине өзінің ойынқұмар екенін ешқашан мойындамайды. Бірлі-екілі сәтті шыққан ойындарына арқа сүйеп, өз қателіктерін тек сәтсіздікке балайды. Ал ойын барысында не істеп, не қойғанын білмеу бұл экзистенциалды проблемаға жатады. Оның түпкі себебі өмірлік мәнін жоғалту, ол адам үшін ойыннан басқа маңызына жоқ. Бұл негилистік көзқарасқа жатады. Ондай адам ата-ананы да, бала-шағаны да құнсыздандырып жібереді. Негилистік көзқарас кез келген адамда кездесе береді. Бірақ қалыпты жағдайда ол тұлғалық даму барысында бір кезеңнен екінші кезеңге аяқ басқанда туындайды. Яғни, белгілі бір мақсаттарға қол жеткізгенде жаңа белестерді бағындыру үшін сіз өз принциптеріңізді қайта қарайсыз.

— Осы жерде бір қарама-қайшылық туындайды. Бір жағынан елімізде лудоманиямен күрес шаралары жүріліп жатса, екінші жағынан осындай қызмет түрлерін ұсынатын мекеме заңды түрде жұмыс істеуде. Бұл туралы не айтасыз?

— Бұл жерде саяси мәселелерге дендемес бұрын, бірінші жеке жауапкершілік мәселесіне тоқталғанды жөн санаймын. Себебі сіз әлеуметтік жеңілдіктер алу үшін баланы дүниеге әкелмейсіз ғой. Сондықтан кез келген азамат өзі үшін құресетін болса, оған суицид немесе әлемдік депрессия секілді глобалды жайттардың аса бір әсері бола бермейді.

— Әңгімеңізге рақмет!

Биыл сот саласында тарихи өзгеріс болады: Голливуд фильмдері арқасында көз көріп, құлақ естіген алқабилер сотының классикалық моделіне Қазақстан да көшпек. Оған сәйкес, құпия кеңесу бөлмесіне енді судья кіргізілмейді, тиісінше ол алқабилерге қысым көрсетіп, өз ұстанымын таңа алмайды. Бұл Президенттің тапсырмасымен жүзеге асып жатқан сот реформасының басты бір жаңашылдығына айналмақ.

Айхан ШӘРІП

ҒАЛЫМДАР ҚҰПТАҒАН ЖОЛ

Бишімбаев ісіне байланысты бүгінде жұрт алқабилер сотын қызыға тамашалап жатыр. Кейбір дерек бойынша, бұл соттың тікелей трансляциясы танымалдығы жөнінен телеарналардағы шетелдік телехикаяларды басып озған.

Осыдан кейін Жоғарғы сот өзге де сот отырыстарын тікелей эфирде көрсете бастауға шешім қабылдады. Мысалы, биылғы 24 сәуірде оның YouTube арнасында Алматыдағы автобустың қатысуымен болған, адам қазасына соқтырған жол-көлік оқиғасына қатысты сот процесі онлайн трансляцияланды. Жолаушы ер адам автобус жүргізуші әйелді ұрып, есінен тандырған. Салдарынан, автобус үш адамды басып, өлтірді. Жоғарғы сот трансляциялау туралы шешімге «бұл іске қоғамның қызығушылығы» себеп болғанын жеткізді.

Бәлкім, болашақта алқабилер сотын тікелей эфирден көрсету дәстүрге, нормаға айналуы мүмкін. Өйткені енді алқабилер соты шын мәнінде «халық сотына» айналады. Оған дейін «Бишімбаев ісі» және басқа да сот процестерінде ақырғы үкімді алқабилер төрағалық етуші судьямен бірігіп қана шығарады.

Бұрынғы билік осы арқылы бұқаралық билердің билік позициясына қайшы келмейтін шешім шығаруын бақылап келді. Қазақстан бұл ескі тәжірибеден бас тартуға ден қойды.

Алдымен, 2023 жылғы 27 қарашада Жоғарғы соттың (ЖС) жана төрағасы Асламбек Мерғалиевтің жетекшілігімен өткен отырысында ЖС Халықаралық кеңесі «алқабилер сотының классикалық моделіне көшуді» ұсынды. Бұл кеңеске отандық және шетелдік заңгер ғалымдар, судьялар, ЕҚЫҰ өкілдері кіреді. Жиын қорытындысында сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін ғалымдар мен сарапшыларды тарта отырып, алқабилер сотының классикалық моделін және *amicus curiae* институтын енгізу туралы рекомендация мақұлданды.

А.Мерғалиевтің пікірінше, Мемлекет басшысы әділ қоғамды қалыптастыруға ерекше назар аударатынын атап өтті. Ал әділетті қоғамда тиімді сот төрелігі ерекше орын алатын болады. Бұл ретте классикалық модельге көшкеннен кейін кеңесу бөлмесінде 11 алқаби судьяның қатысуынсыз шешім қабылдайды.

Аталған модель біріншіден, сот тараптарының жарыспалығы мен бәсекелестігі қағидатын нығайтады. Екіншіден, дамыған елдерде қолданылатын классикалық модель сот ісін жүргізудің айыптауға бейім болуына жол бермейді.

Қазірдің өзінде, яғни үкім шығаруға судья араласса да, алқабилер соты өздері қараған істер-



АЛҚАБИЛЕР СОТЫ – АРДЫҢ СОТЫ

дің 10%-ында айыпталушыларды ақтайды. Салыстыра кетсек, кәсіби судьялар ғана қараған істердің арасында ақтау үкімдері бар-жоғы 1,5-2% болады екен.

Үшіншіден, бұл бетбұрыс халықтың сот төрелігіне сенімін арттырады. Ұлттық статистика бюросының сауалнамасы көрсеткендей, сот жүйесіне халықтың сенім деңгейі 2023 жылғы сәуір-мамыр аралығында небәрі 55,2% болған. Қазан-қараша аралығындағы сауалнама бұл көрсеткіштің 61 пайызға дейін өскенін көрсетті.

Соған қарамастан, бұл – өзге билік органдары арасындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі. Мысалы, халықтың өртке қарсы қызметке деген сенімі 2023 жыл соңында 77,2 пайызды, прокуратура органдарына – 63,8%, полиция органдарына – 63,1%, Антикорға – 51,1%-ды құрады.

Сондай-ақ Жоғарғы соттың Халықаралық кеңесінің мүшелері құқық саласындағы ғылыми қызметті жүзеге асыратын сарапшылар мен азаматтардың сот процестеріне неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның сот рәсімдеріне *amicus curiae* институтын енгізу мүмкіндігін қарау ұсынысын қолдады.

Сот төрелігі академиясының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты Зәуреш Баймолдинаның айтуынша, сот процесінде құқықтық мәселелер бойынша сарапшыларды тарту практикасы дамыған елдерде кең таралған. Шетелдік соттардың құқық мәселелері бойынша талдау, сараптама және қорытындылар түріндегі тәжірибесі сот шешімдерінің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Ғылыми қорытындылар судьяларға материалдық және процестік құқық нормаларын қолдануда дұрыс көзқарас қалыптастыруға, орынды шешім қабылдауға көмектеседі.

Айта кету керек, жуырда Мәжіліс «Кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын концептуалды түрде мақұлдады. Пысықтау жалғасып жатыр. Ең бастысы, бұл заң жобасы елімізді алқабилер сотының классикалық моделіне көшіруді қарастыратын заңнамалық түзетулерден тұрады.

АЛҚАБИЛЕР ӨЗ ШЕШІМІН НЕГІЗДЕУГЕ МІНДЕТТІ ЕМЕС

Тәуелсіз Қазақстанда алқабилер соты 2007 жылы пайда болды.

Сол кезде республика қабылдаған модельге сәйкес, алқабилер құрамына 11 адам кіреді, оның біреуі – сот процесін жүргізетін кәсіби судья, қалған он адам – кәсіби емес судьялар, яғни қарапайым тұрғындар арасынан таңдалған заманауи билер.

Осылайша, өзінде елімізде алқабилердің аралас алқасының моделі жұмыс істейді. Шешім шығарылған кезде кеңесу бөлмесінде алқабилер төрағалық етуші судьямен ақылдасып, бірге дауыс береді. Қолданыстағы заң бойынша судьяның дауысы шешуші саналмайды. Алайда жабық бөлмедегі талқылау барысында ол кәсіби судья, заңгер ретінде «бұлтартпас» дәйектемелер келтіріп, өзге алқабилерге өзі қалаған шешімге көндіктіре алатынын жоққа шығаруға болмайды.

2007 жылғы 1 қаңтарда елімізде алқабилер сотының институты енгізілгені, оның қарайтын істерінің құрамы бірнеше рет өзгерді. 2007-2009 жылдар аралығында алқабилердің адымы шектелді. Оларға тек өлім жазасы және өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылатын қылмыстық істерді ғана қарауына рұқсат етілді. Салдарынан, бұл кезеңде алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің саны жыл сайын шамамен 50-ді ғана құрады.

Екінші кезеңде, 2010-2012 жылдары алқабилер аса ауыр қылмыстардың бәрін қарап, билік етуге мүмкіндік алды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, олардың шешім шығаруына берілген қылмыстық құрамдар саны тағы өсті. Бұл қатарға он екі жылдан көп мерзімге еркіндіктен айыру жазасы бекітілген аса ауыр қылмыстар бойынша барлық істер жатқызылды.

Сарапшылардың түсіндіруінше, бұлардың жалпы саны – қылмыстық құқықбұзушылықтардың 31 құрамы. Оның арасына кісі өлтіру, есірткі және психотроптық заттарды аса ірі көлемде сату және басқасы кірді. Бұдан тек төтенше жағдай кезінде жасалған кісі өлтірулер, соғыс кезіндегі әскери қылмыстар сияқты бірқатар құрам тыс қалды. Өйткені ТЖ режимі немесе соғыс заманында алқабилерді бір жерге жинау қиынға түседі деп танылған.

Биылғы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, алқабилердің алдына

тартылатын қылмыстық істердің саны 44 құрамға дейін артты. Оған енді тек аса ауырлары ғана емес, сонымен қатар ауыр және орташа ауыр қылмыс түрлері де қосылды.

Мұның бәрі оң динамикаға серпін берді. Жоғарғы соттың дерегінше, 2020 жылы алқабилер соты 42 қылмыстық істі қараса, 2023 жылы бұл сан 136 іске дейін көбейді.

Жоғарғы соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Назгүл Рахметуллина журналистерге берген сұхбатында 2024 жылы алқабилер қарайтын істер саны рекордтық 950-ге дейін жетуі мүмкін деп болжады. Бұл – қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттардың құзырына жатқызылған барлық істің 69%-ы. Қазір бұл көрсеткіш аса ауыр қылмыстық істердің жалпы санының небәрі 3,6%-ын құрайды екен.

Алқабилердің шығарған әрбір шешімі – адамды негізсіз айыптап, түрмеге отырғызса немесе қолы қан қылмыскерді бостандыққа қоя берсе, мұның бәрі өмір-бақи олардың арына жүк болады.

– Алқабилер өз шешімін негіздеуге міндетті емес. Оның кәсіби судьялар шығарған үкімдерден басты бір айырмашылығы да сонда. Мұнда, кәсіби судьялар шығарған үкімінде не себепті ондай шешім қабылдағанын заң баптарымен дәйектеуге, айыптаушы мен қорғаушының барлық дәлеліне жауап беруге міндетті. Алқабилер сотының үкімде мотивациялау бөлігі мүлдем жоқ. Олар сотталушының айыбы дәлелденгенін не дәлелденбегенін растауға міндетті емес. Судья тек кеңесу бөлмесінен шыққан алқабилердің қандай вердикт қабылдағанын жариялаумен шектеледі, – деді Назгүл Рахметуллина.

АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАСУҒА НИЕТТІ

Мәжіліс мақұлдаған заң жобасында айыптаушы мен қорғаушы тарапқа алқабилерді таңдауға қатысу құқығын беру көзделген.

Қолданыстағы заң бойынша жасы 25-тен асқан кез келген Қазақстан азаматы алқаби бола алады. Бұл жерде ұлты, әлеуметтік немесе әл-ауқат жағдайы, діни және басқа наным-сенімдері

бойынша шектеу жоқ. Тек өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылығы барларды, наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерде есепте тұрғандарды, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарды ғана алқабилерге тартуға тыйым салынған.

Егер Батыс елдеріндегі сияқты классикалық модель аясында тараптарға таңдау құқығы да берілсе, онда адвокаттар тіл білмейтіндерді, ұлттық, діни, әлеуметтік мәртебесі мен ұстаным-көзқарасы бойынша сотталушыны алдын ала кінәлі деп тануы мүмкін біржақты адамдарды алқабилер қатарынан шығартып тастай алар еді. Әзірге ондай құқықтың берілетін-берілмейтіні белгісіз, заң жобасы Парламентте әрі қарай талқылану үстінде.

Қалған рәсімдер көп өзгеріске ұшырамауы мүмкін. Қолданыстағы тәжірибе бойынша жергілікті әкімдіктер жыл сайын жергілікті тұрғындар арасынан іріктеп, алқаби болуға кандидаттардың тізімін қалыптастырады. Олардың арасынан нақты бір іске алқабилерді таңдау кездейсоқ іріктеу жолымен жүзеге асырылады.

Кандидаттар тізімін соттар «Төрелік» ақпараттық-аналитикалық жүйесі арқылы сұратып, алғызады.

Сот әкімшілігі басшысының орынбасары Асылбек Мусралинов алғаш енгізілген 2007 жылдан бері алқабилердің аралас моделі біраз өзгеріске түскенін айтты.

– Кейінгі үш жылда алқабилер соты институтын нығайтуға бағытталған бірқатар шара қабылданды. Алқабилердің мандатын кеңейтудің екі кезеңі іске асырылды. Бүгінде, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бері олар 44 құрам бойынша істерді қарай алады. Биыл алқабилер соты шамамен 950 қылмыстық істі қарайды деп күтіп отырмыз. Біз классикалық модельге көшу идеясын концептуалды түрде қолдаймыз! Бұл мәселе былтырғы қарашада Жоғарғы сот жанындағы Халықаралық кеңестің күн тәртібіне шығарылды, халықаралық эксперттер құптады, – деді Асылбек Мусралинов.

Енді Парламенттің келісімі қажет. Сот әкімшілігі басшылығының өкілі бұл мәселенің күрделі екенін ескертті. Кешенді және салмақты пысықтауды талап етеді. Оны жақтаушылар да, қарсылар да көп көрінеді. Сондықтан Қазақстан бұл бағытта кілт бетбұрыс жасамай, кезең-кезеңмен қозғалуға ниетті.

Әлемде алқабилер сотының негізгі 2 үлгісі қолданылады: континенталды және классикалық. Соңғысы ағылшын-саксон елдерінде, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Канадада, Аустрияда қолданылады: онда алқабилер судьяның қатысуынсыз, кеңесу бөлмесінде өз бетінше шешім қабылдайды. Ортақ келісімге келген соң ғана шығып, үкімдерін жариялайды.

Сарапшылардың байламынша, дәл осы модель алқабилер институтын дамытудың мақсат-мұратына толық сәйкес келеді. Өйткені кәсіби судья араласпай шығарылған шешім – нағыз халықтың шешімі болады.

Тараптар арасында қызу бәсеке туындайды: мемлекеттік айыптаушы және қорғаушы адвокат өз позицияларының дұрыстығына алқабилердің көзін жеткізу үшін бар өнерін салады, заңмен рұқсат етілген түрлі тәсілді қолданады. Артистизм, шешендік танытады. Сотталушыға қандай үкім кесілетіні солардың жұмыс сапасына тікелей тәуелді болады.

Карантиндік өсімдіктер ел қамбасын толтыруға едәуір тұсау болып отырғаны жасырын емес. Қазір еліміздің егіс алқаптарының біршама бөлігін кезінде бақылаудың жоқтығынан аса қауіпті арамшөп түрлері басып қалған.

Бердібек ҚАБАЙ

Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы мамандарының айтуынша, ел аумағында әлгі карантиндік арамшөптердің бес түрі таралған: жусан жапырақты ойраншөп, көпжылдық ойраншөп, тікенекті алқа, арам соялар және ең кесірі мол арамшөптің түрі — жатаған у кекіре.

Жалпы, карантиндік өсімдіктер дегеніміз — біздің елдің егіс алқаптарында көнеден бері болмаған, тіпті пайда бола қалған жағдайда елге елеулі экономикалық және экологиялық залал келтіруі мүмкін түрлі ауруды қоздырушы бөтен текті зиянкес арамшөптер.

Тіпті, елімізде осыған сәйкес өсімдіктер карантині туралы арнайы заң да қабылданған. Занда көрсетілгендей, егер кімде-кім карантиндік деп танылған дақылды сырттан кіргізсе не шығарса, сол тұлға арнайы жауапкершілік арқалайтыны нақты көрсетілген. Сондықтан бұл іске бейжай қарамау керегі нақтыланған.

Зерттеулер нәтижесі мен карантиндік арамшөптерді анықтау мониторингтік қорытындысы бойынша, былтыр еліміздің 3 млн 218 мың 422 гектар алаңында карантиндік арамшөптер бар екені белгілі болған. Бұл кесірлі арамшөптермен күресуге кей жағдайда аса мән берілмей қалатыны үлкен шығын әкеледі. Алқаптардан карантиндік өсімдіктер анықталған жағдайда дереу тиісті орындарға хабарланып, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі қажет. Сондықтан егін не мал шаруашылығымен айналысатын кез келген шаруашылықтың арнайы мамандары аса сақ болғаны абзал.


Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының Герботология бөлімінің басшысы Дулат Смағұловтың айтуынша, олар былтыр 49 мың 185 гектар алқаптағы карантиндік шөптерді анықтаған. Бұл жер телімдеріне бірнеше жыл бойына дәнді дақыл сеппей, арнайы залалсыздандырылу қажет. Сонымен бірге жатаған у кекіре — 47 мың 736,72 гектар, көп жылдық ойраншөп — 64,1 гектар, жусан жапырақты ойраншөп — 86,35 гектар, арам соя — 1291,83 гектар, тікенекті алқа — 6,447 гектар жерге жайылған.

«Карантиндік өсімдіктер табиғатта дәстүрлі түрде өсетін дақылдарды ығыстырып, өнер-



АЛҚАПТАҒЫ

АРАМШӨП



КЕЛТІРМЕСІН

ЗАЛАЛ КӨП

кәсіптік алқаптарды мекендейді, дәнді және көкөніс дақылдарының өнімділігін төмендетеді, вирустар мен бактериялардың таралуына қолайлы жағдай жасайды. Механикаландырылған егін жинау кезінде техниканы істен шығарады. Бұл дертті жұқтырған алқаптардан жиналған астықтың сапасы нашар болады. Ал арамшөптердің карантиндік түрлері кездесетін жайылымдар мал жаюға жарамсыз. Өсімдіктердің осы тобының жекелеген түрлері адамдарда ауыр аллергиялық реакция тудырады, сүтқоректілер үшін улы болып табылады», — дейді ол.

Тәуелсіздік алған алғашқы он жылдықтарда бізде өсімдіктер, азық-түлік және шикізат ресурстарының қауіпсіздігін сақтау мәселесіне жіті назар аударылмай қалғаны жасырын емес. Осы тұста елге өзге елдерден түрлі зиянкес пен карантиндік арамшөп еніп кетті дейді мамандар. Тіпті, өсімдіктер мен жануарларға тән инфекциялық аурулардың қоздырғыштары, кенелер, жұмырқұрттар мен бұрын-соңды болмаған арамшөптер де алқаптарда қаптай бастаған. Осылайша, карантиндік өсімдіктер де аумақтарда таралып кетті.

Карантиндік нысандар вагон, ұшак, кеме арқылы, тіпті көлікпен келетін жүктермен жіберілген заттар арқылы таралады. Қазір елімізге 100-ден астам мемлекеттен әртүрлі карантиндік дүниелер келгені анықталған. Салдарынан Қазақстан аумағында 17 карантиндік нысан түрі тіркелген. Салыстыратын болсақ, ТМД елдерінде бұл көрсеткіш 20-30 шамасында, Қытайда 100-ден астам, ал дүниежүзі бойынша 400-ден

астам түрге бөлінеді. Ауыл шаруашылығында карантиндік нысандар азықтық өнімді 40-100 пайызға дейін жарамсыз етеді екен. Мысалы, АҚШ-та копр коңызына қарсы күрес шараларын жасау үшін жыл сайын 1 млн доллар қаржы бөлінеді. Финляндияда жылыжайда калифорниялық трипті жою үшін 1,6 млн фин маркасы жұмсалып екен. Бізге зиянкестердің ену қаупі оңтүстік және оңтүстік-шығыс Азиядан және Еуропадан болып тұр. Қазақстан аумағын зиянды нысандардың енуінен және таралуынан қорғау мақсатында нақты әсер ететін карантиндік бақылауды ұйымдастыру керек және уақытында карантиндік шаралар қолдану қажет. Карантиндік нысандардың әсерінен ауыл шаруашылығы өсімдіктері өнімінің төмендеуі 100%-ға дейін жетуі мүмкін, ал олармен күресу мақсатында жыл сайын қазынада жүздеген миллион теңге жұмсау

қажет. Айталық, тек бір ғана у кекіре арамшөбінің таралуынан түсім жыл сайын 3 млрд теңгеге кемиді екен.

«Карантиндік арамшөп — жатаған у кекіремен күресу кешенді түрде жүргізілуі керек. Ол кәдімгі арамшөптер тәрізді бір рет тамырын кесіп тастау арқылы жойылмайды. Оның тамырының тереңдігі он метрден асып кететіндіктен, кесіп тастаған күннің өзінде қайта көктеп сала береді. Сондықтан жатаған у кекірені тек кешенді түрде химиялық жолмен жою қажет. Дер кезінде шара қолданып, уламасақ, бұл өте тез таралып, алқаптарды алып кетеді. Егер шаруалар жатаған у кекірені байқап жатса ол аумақты дереу қоршап, ол жерге техника кіргізулері керек. Техника кіріп, жерді өңдеп кеткен жағдайда жатаған у кекіре барлық алқапқа таралады. Содан кейін онымен күресу өте қиын. Сәйкесінше бұл жерден жиналған астық

түкке жарамай қалады», — дейді агроном Октябрь Құрметбек.


Тамыры 15 метрге жететін бұл арамшөп тіршілік ету үшін орта талғамайды. Оны түбегейлі жою үшін кем дегенде 5 жыл уақыт қажет. Сәйкесінше 5 жыл бойы арамшөп басқан алқап егін жинауға жарамсыз болып тұра бермек. Октябрь Құрметбектің айтуынша, тамыры соқа не өзге де техниканың тісі арқылы кесіліп не сүйретіліп, басқа алқапқа түссе, әлгі кесінді сол бойда көктеп, тамыры тереңдеп кете береді. Осылайша, маңайындағы дақылға қажетті минералды түгелімен өзіне сорып, айналасына түк шығармай қояды.

Тағы бір қызығы, дәл осы арамшөп қоректік заттарды өзге өсімдіктерге қарағанда 2-8 есе артық пайдаланады. Ал жатаған у кекіремен қоректенген малдың сүті ащы болып кетеді. Аталмыш өсімдік жануарлар үшін улы. Соның ішінде түйе және жылқы үшін аса зиян. Бір ғажабы, у кекірені қой мен ешкі жақсы жейді екен. Бұл зиянды шөп Еуропа, Азия, Солтүстік Америка, Аустралия, Ресейдің біршама аумағына жайылған.

«Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ мамандарының айтуынша, карантиндік объектілердің елде 29 түрін, оның ішінде 5 түрін анықтау бойынша жалпы ауданы 3 400,0 мың гектар іс-шаралар өткізілген екен. Жою мен анықтау шараларын үздіксіз өткізудің нәтижесінде соңғы жылдары алқаптар едәуір тазарғанға ұқсайды.

Карантиндік арамшөптердің барлық түрінің ішінде былтырмен салыстырғанда жатаған у кекіре, жусан жапырақты ойраншөп және арам соя арамшөптері ошақтары азая бастады, — дейді Ауыл шаруашылығы министрлігінің мамандары.

Елдің егіс алқаптарының сапасын астық пен дақылдың құнын түсіріп орасан зиян шектіріп отырған арамшөппен күрес бір күн де тоқтамауы керек. Зиянкеспен күресуді бір министрлік емес, барша шаруа мен ғалым бірлесе жүргізгені маңызды.



— Орынша апа, сіз Кәкімжан Қазыбаева жар болдыңыз, Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаев секілді қаһарман тұлғалардың келіні атандыңыз. Бауыржан Момышұлының Кәкімжан ағаға көрсеткен ағалық қамқорлығы, екеуінің жақындығы жайында көпшілік хабардар ғой, Рақымжан Қошқарбаевпен таныстығы қалай болып еді?

— Баукең Кәкімжанды «қара балам» деп атайтын. Содан 1958 жылдың қаңтар айы болса керек, «қара баласына» телефон шалып, «үйге келіп кеткің» деп шақырды. Баукең бекерден бекер іздемейді. Сонымен, Кәкеннің сөзімен айтайын, «келдім, есік ашық тұр екен. Кірдім. Баукеңнің есіктен төрге қарай кетіп бара жатқанын байқадым. Кері қарай, төрден есікке қарай жүрген кезде мені көріп, «Қалшыып, неғып тұрсың!» деп айғай салды. «Отыр!» деді. Отырдым. «Неге шақырдым, білесің бе?» деді. «Білмедім, Бауке». «Білмесең мен саған айтайын, жана бір әзірде осы жерге сәлем берем деп жас жігіт келді. Ол жас жігіт — Рейхстагқа ту тіккен қазақ. Білесің бе, сен оны?» «Білмедім, Бауке». «Неге білмейсің? Жеңісті тойлағанымызға 13 жыл болды. Содан бері сендер, журналистер не көріп жүрсіндер? Сен кімсің, жауап бер?!» деп айғайлаған ғой Кәкене. Кәкен күліп, «өзіңіз білесіз ғой» демей ме? «Сен кімсің, соны айт әуелі» деп қайта сұрайды. «Мен — журналистпін, дипломым бар» депті. «Журналистке диплом ғана емес, сезгіш жүрек, көргіш көз керек. Он — исторический человек! Мен де соғыста төрт жыл жүрдім. Дивизия басқардым, барлық қиындықтардан өттім. Бірақ Берлинді алардағы соғыс, Рейхстагқа ту тігердегі соғыс ол — жойқын соғыс. Ол — тозақ. Сол тозақ отына түсіп, аман шыққанның бірі — Рақымжан Қошқарбаев. Оның сол күннен бастап өмірбаяны отпен жазылды. Кім үшін отқа түсті ол? Сен үшін, мен үшін, келер ұрпақ үшін түсті!» Содан кейін бір тілде қағаз беріп, «ана Қойшығұлов Ахметжанның қарамағанда істейді екен. Сен оны тап!» деген.

Кәкен сол қағазда жазылған мекенжай бойынша Қойшығұловтың жұмыс орнына барады. Ол уақыт Қытайдағы қазақтардың келіп жатқан кезі. Рақан сол жұмыстармен Жаркентте іссапарда екен. Ол кісі Алматыға оралғанша Кәкен деректер іздестіре бастады. Жұмыстан кейін кітапханада отырады. Бір күні «майдангер журналист әрі фотограф, кинооператор Роман Кармен түсірген Рақымжан Қошқарбаевтың фотосы мен сөзін таптым» деп келді. Р.Кармен Совет әскері Берлинді алғанда алдыңғы шепте болып, Рейхстагқа ту тіккен батырларды сол күні түсіріп алған ғой. 1945 жылы 3 мамырда «Войн Родины» газетінің тілшісі Василий Субботиннің мақаласын, сосын жазушы Борис Горбатовтың 1948 жылы жазған материалын тауып алды. Бір күні Рахат Алматыға келді, екеуі кездесіп, танысты сол жолы. «Аңкылдаған, ажарқын, жап-жас жігіт екен. Рейхстагқа қалай ту тіккенін айтып берді. Енді соны жазамын» деді. Содан жазып, Баукеңе көрсетіп алуға апарды. Баукең оқып шығып, «сен өз газетіңе бер» депті. Ол кезде Кәкімжан Қазыбаев қазіргі «Жас Алаш» бұрынғы «Лениншіл жастың» жауапты хатшысы болатын. Осылайша, 1958 жылы 21 ақпанда «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» деген очеркі басылды. Сол күннен бастап Кәкен үйге қуанып келетін-ді. Редакцияға хат жауып кеткен ғой. Рақымжанның жүзін көріп, қолын алғысы келетін оқырмандар хат жазады, телефонға тыным жоқ.

— Бұл хабарды сол кездегі республика басшылығы қалай қабылдады?

— Кәкен сол 1958 жылғы алғашқы очеркінен кейін Рахат жайлы орысша-қазақша бірнеше материал жазды. Олардың барлығы сол кездегі газет-журналдарда басылып жатты. Оның барлығын Баукең бақылап, оқып отырған. Бір күні



«Бауыржан — Рақымжан — Кәкімжан. Ә дегенде бәрі де «жан» болғандықтан үшеуі ағайынды екен деп қаласың. Тіпті де олай емес. Үшеуі үш жақта туған.

Ал өмірде үшеуі кіндіктес екені рас», — деген екен жазушы Шерхан Мұртаза бір естелігінде. Биыл Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккен қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына — 100 жыл. Ол туралы алғаш мақала жазып, Қазақстан жұртшылығына таныстырған қайраткер қаламгер Кәкімжан Қазыбаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Шерағаң айтпақшы, осы «кіндіктес» болған үш тұлғаның көзін көріп, әңгімесін тыңдаған жанның бірі — белгілі педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Орынша Қарабалина-Қазыбаева. Осы жылы 92 жасқа келіп отырған апамызды сұхбатқа тартып, әңгімесін жазып алғанды жөн көрдік.

Орынша
ҚАРАБАЛИНА-ҚАЗЫБАЕВА:

Рахат ірі мінездің

«қара баласына» тағы да тапсырма берді. «Сен көп жұмыс істедің. Енді бұл еңбек далада қалып қоймасын. Мұны біз Қазақстанның басшыларына жеткізейік, Мәскеуге жеткізейік. Рақымжанға қайткен күнде де батыр атағын әперуіміз керек. Сондықтан сен справка жаз» депті Баукең. Кәкеннің қалың папкасында бірнеше құжат жиналып қалған еді. Солардың негізінде нақты деректерді негізге ала отырып, көлемді анықтама дайындады. Алдымен Баукең тексертуге апарды, ол кісі ресми іс-қағаздарға өте шебер болатын. «Баукең мақұлдады, соңына бір абзацты өзі қосты» деп келді. Баукеңнің кеңесімен ол анықтамаға, белгілі жазушылар Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Иван Шухов және Әбділдә Тәжібаевтың қолдарын қойдырып алды. Бұл — 1964 жылдың 15 шілдесі.

— Яғни, Жеңістің 20 жылдығын тойлаудың қарсаңында ғой?



Мен де соғыста төрт жыл жүрдім. Дивизия басқардым, барлық қиындықтардан өттім. Бірақ Берлинді алардағы соғыс, Рейхстагқа ту тігердегі соғыс ол — жойқын соғыс. Ол — тозақ. Сол тозақ отына түсіп, аман шыққанның бірі — Рақымжан Қошқарбаев.

— Иә, Жеңістің 20 жылдығына дайындық ерте басталды. Елдің есін жия бастаған кезі ғой. Бәлкім, Орталықтан тапсырма келді ме екен. Әйтеуір, 1965 жылға әзірлік ерекше болды. Екі-үш жылдай бұрын қозғалған. Сол қарбалас күндердің бірінде, 1963 жылы болу керек, Баукең Кәкімжанды шақырып алып, тапсырма береді. «Енді сен Рақымжан Қошқарбаевтың соғыстағы ерлігін тұтас камтып, ол туралы повесть жаз», — депті. Кәкен ол кезде «Жетісу» газеті бас редакторының бірінші орынбасары. Жұмысы ауыр. Аптасына бес рет шығатын газет. Нөмірді әзірлеп, түнгі сағат 2-3-терде жететін үйге. Бірақ Баукеңнің тапсырмасы — зан. Осылайша, «Кернеген кек» атты повесін жазып шықты. Рахат ол шығармаға ерекше разы болды. «Менің көңіл күйімді лаулатып, халқымның сүйікті ұлы, батыры дегізген, ұмытылған ерлігімді халқыма танытқан Баукең мен Кәкетайым» деп көзіне жас алғаны дәл бүгінгідей есімде. Дегенмен ол повеске Кәкеннің өзінің көңілі толмай жүрді. «Кернеген кек» асығыс жазылды, Раханды барлық қырынан толық көрсете

алмадым, қайтадан жазамын, оған жетерлік материал жиналды» деп жүретін. Ол мақсатына жете алмады.

— Кәкімжан ағамыз, сол кітабында Рақымжан Қошқарбаевтың Берлиндегі ерлігін дәлелдеуге неміс журналисі Карл Кокошконың да септігі тигенін жазыпты...

— Дұрыс айтасын, соғыс тақырыбын жазуға кірісерде қатты қиналды. Өйткені майданға бармаған ғой, соғыс аяқталған жылы Кәкен — 16-ға енді толған бозбала. Берлинге бармаған, Рейхстагты көрмеген. Сөйтіп жүргенде, 1963 жылдың жазында Шығыс Германиядан журналист Карл Кокошко келді. Өзі 1929 жылы туған, біздің Кәкенмен түйдей құрдас болып шықты. Карлдың әкесі кезінде фашизмге қарсы

кімжан Қазыбаева шығады: «осындай журналист келіпті, сіз дерегін білесіз ғой» деп. Раханды шақырып, бәрі сол саябақтың ішінде кездесіп, жөн сұрасады. Карлдың тәп-тәуір үйренген орысшасы бар екен, неміс мақамымен сөйлейді. Сол жолы біздің үйде де, Рахаттың үйінде де қонақ еттік. Содан бастап Карл Кокошко Шығыс Германияда Рақымжанды насихаттады. Кәкен өмірінің соңына дейін сол Карлмен хат алысып, бір-біріне барып жүрді. Берлин туралы, ондағы ғимараттар жайлы ақпараттарды білді, бір-бірімен материал алмасты. Кәкен неміс әріптесіне ұзын саны 100-ге тарта материалды көрсетті ғой, ана байғұс «маған енді ешқандай архивке отырып қажеті жоқ» деп қуанып кетті. Берлинге жеткен соң өзінде бар мәліметтерді Кәкене жіберді. Бұл жерде Раханды танытуға септескен Карл Кокошконың да үлкен еңбегін оқырман білсін деп айтып отырмын.

— Рақымжан Қошқарбаев 1965 жылы Мәскеуде «Голубой огонек» бағдарламасының Жеңістің 20 жылдығына арналған мерекелік шығарылымына қатысыпты. Ол туралы хабарыңыз бар ма?

— Неге болмасын! Ол жолы Мәскеуге баруына да Карл Кокошко мен Кәкімжан Қазыбаев себепкер болды ғой. Карл Германияға барған соң Рахат жайлы көптеген материалдар жариялаған. 1965 жылы Совет Одағы Ұлы Жеңістің 20 жылдығы деп тойлап жатқанда, оларда Шығыс Германия күні мерекесі деп аталатын. Содан Карл Кокошко Кәкене хабарласып, 8 мамыр күнгі өтетін мерекелік шараға Рақымжан Қошқарбаевты шақырғысы келетінін айтты. Барлық жол шығыны, жатын орны өзімізден депті. Сонымен, Кәкен жан-жаққа телефон соғып, Рақымжан ағасын жолға дайындады. Ол кезде Рахат қалалық моншаны басқаратын. Кәкен шауып отырып Баукеңе барады ғой, «осылай да осылай Рахат Берлинге шақырту алды, дайындап жатырмыз» деп. Кенесе келе, Баукең Кәкімжанды Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы Есен Дүйсеновке жібереді. «Рақымжан Қошқарбаев Берлинге барғанда моншаның бастығымын деп айта ма? Бұл қалай?» деп. Дүйсенов жағдайды бірден түсініп, екі-ақ күннің ішінде Раханды қалалық коммуналдық мекеме бастығының орынбасары қызметіне тағайындаған.

Осылайша, 1965 жылы 2 мамыр күні Алматыдан Мәскеуге ұшты. Тікелей рейс жоқ, жолдың барлығы Мәскеу арқылы ғой. «Міне, ұшып кетті деп Василий Субботинге телефон соқты. Субботин дегеніңіз — баяғы Рейхстагқа ту тікті деп алғаш жазатын журналист. Ол кісі «күтіп аламын» деді. Сәлден соң тағы хабарласып, 5 мамыр күні «Голубой огонек» бағдарламасының мерекелік саны түсіріледі. Рақымжан Қошқарбаевты соған қатыстырайық, барлық майдангер қатысады» деп. Сол жолы Рахан жанағы өзін айтқан мерекелік бағдарламаға қатысты, сөз сөйлеп, естелік айтқан.

— Ол бағдарлама Youtube желісінде бар екен. Ұзақтығы — 2 сағат 49 минут. Бірақ ол бағдарламаны қарап, Рақымжан атамызды таппадым.

— Ол туралы мен де естідім, өз көзіммен көргенім жоқ. Менің білетінім, Рахан сол жолы аса қуанып келді. Бағдарламаны жазушы «Брест камалы» кітабының авторы Сергей Смирнов жүргізіпті. «Кожедуб, Покрышкин, Маресьев, Сабуров секілді атақтылардың қасында отырдым, маған

кеу тағы үнсіз қалды. Содан бір күні Баукең Кәкімжанды Ілияс Омаровқа жұмсайды. Ілияс Омаров ол кезде Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары. Ілекең Кәкімжанды жақсы қарсы алыпты, «үлкен жұмыс істеп жүр екенсің, қарағым. Қолымнан келгенше көмектесемін, мына құжаттарыңның көшірмесін тастап кет» депті. Содан ол кісі Жұмабек Тәшеновке өтініш айтады. Тәшенов өзін білетіндей, Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы ғой. Жүмекен Мәскеуге барған бір сапарында Бас штабтың бастығы, маршал С.Коневты шақырып алып, қолындағы құжаттарды көрсетеді. «Неге әділетсіз шешім қабылдап отырсындар?» деп қаттырақ сөйлеген. Қысқасы не керек, Орталықтағы басшыларды мәмілеге келтіре алмаған. Ол кезде олармен сөйлесу де мүмкін емес қой. Баукең бір сөзінде: «Жұмабек те мен секілді қызба ғой. Екеуімізді құртып жүрген мінез» деп айтып қалыпты Кәкеңе. Бұл оқиға Кәкеңнің «Найзағайдай жаркылдап» деген очеркінде кенірек жазылған. Осылайша, тағы бір талпыныстың тауы шағылды. Дегенмен

Батыр атағын әперу туралы ұсынысқа қосып жүрді. Оны Баукең білген жоқ. Жеңістің 25, 30, 35 жылдығы қарсаңында үздіксіз хаттар жазылды. Сөйтіп жүргенде, 1982 жылы Алматыға Леонид Ильич Брежнев келетін болды. «Иә, сәт!» деп тақым қысып отырмыз. Сол жолы Рахана батыр атағын беру туралы өтініш Д.Қонаевтың аузымен айтылды. Бірақ Брежнев «тарихты қайта қарап қажеті не?» деген сыңайда жауап берген. Сонымен, ол ұсыныс мүлдем тоқтатылды. Бірақ Кәкең «ерте ме, кеш пе шындық женеді» деген сенімде жүретін.

Бір нәрсені ашық айту керек. Жалпы, республика басшылығының, жеке Димаш Ахметұлының да ол кісіге деген құрметі жоғары болды. 1969 жылы «Алматы» қонақүйі пайдалануға берілген кезде, оны басқару тізгіні Рақымжан Қошқарбаевқа берілді. Ол кезде астанамыздағы беткеуістар жалғыз қонақүйі сол еді. Рахан өмірінің соңына дейін сол қонақүйді басқарды. Мысал ретінде айтайын, 1973 жылы күзде жазушы Сергей Смирнов Алматыға келді. Азия мен Африка жазушылары бас қосқан үлкен жиын өтіп жатқан. Шетелдік сыйлы меймандар ол кезде «Алматы» қонақүйіне түседі. Сонда Смирновтың айтқан сөзі ғой. «Мынандай тамаша қонақүйді батырына басқартып отырған республика басшылығына рахмет және оны батыры қандай абыроймен басқарып отыр» деп разы болды.

— Рақымжан аға өмірде қандай жан еді? Ол кісіні алғаш қашан көрдіңіз?

— Раханның артында Әлия деген жалғыз қызы қалды. Әлі есімде, бір күні Кәкең айтты. «Раханның Әлия деген қызы өмірге келді» деді. Біраз уақыт өткен соң «бізді сәбиді қырқынан шығару отырысына шақырып жатыр» деді, сол күні мен алғаш ағамыздың шаңырағында қонақта болдым. Рахан деген келісті адам екен, жігіттің төресі деп айтуға тұрарлық жан. Шашының алды бұйраланып тұратын, үстіне кір жуытпайтын, сері адам еді. Мені алғаш көргеннен «Онша» деп атады. «Оншам айналайын, мен сенің қайнаған болам, мені біліп жүрсің ғой» деп қарсы алды. Сол күннен бастап үй-ішімізбен араластық, балаларымыз бірге өсті. Біздің екінші ұлымыз Батырдың есімін Раханның өзі қойған. Рақымжан ағаның зайыбы Рахила Ауыл шаруашылығы институтында ұзақ жыл еңбек етіп, доцент, профессор дәрежесіне көтерілді. Рахан аса бір көңілі шалқып отырған кездері «Мен осы Әлиямның көрер жарығы, Рахиламның бақыты үшін аман қалғанмын» деп әзілдеп отыратынды. Ол кісінің үйі күнде думан. Қонақ үзілмейді. Өзі ұнатқанның барлығын үйіне шақыратын. Сол Раханның көзі — Әлиямыз қазір міне 50-ден асты. Алматыдағы Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінде орыс әдебиетінен сабақ береді. Бүгінде ұлағатты ұстаз атанды.

— Рақымжан аға мандолин аспабында жақсы ойнаған екен, ондай өнерін өзіңіз көрдіңіз бе?

— Ол Раханның балалар үйінен үйреніп шыққан өнері ғой. Жасынан ширақ, белсенді болып өсіпті. Үйінде қонақта отырғанымызда да түрлі әуендерді орындап беретін. Музыкаға өте жақын болды. Рахан өнер жұлдыздарына да көп қолғабыс етті. Әнші Жәнібек Кәрменовке көмектесті. Бірде үйіне шақырды. «Бұл Жәнібек Кәрменов деген балам Семейден келді. Әнші екен. Өзі Абайдың Ербол деген досы бар ғой «Абай жолы» романында, сол Ерболға жақын екен. Соның әнін тыңдаңдар» деп таныстырды. Үйінде актер Құдайберген Сұлтанбаев пен Набат Ойнарова деген жыршы қыз да жүр екен, ол кезде Набат пен Құдайберген ерлі-зайыпты. Кілең өнерлі жастар, думандатып, көңілді отырыс жасады.

Енді бірде барғанымызда айтты: «Оншам, Кәкімжан жұмысбасты ғой, ұмытып кетпесін, Жәнібектің тойын жасаймын, үйленгелі жатыр. Өзіміздің «Алматы» қонақүйінде өткіземіз» деді.

Тойында болдық. Ғафу Қайырбеков секілді бірқатар белгілі адамдар келді. Раханның ондағы мақсаты — ана жастар үлкендердің көзіне түссін, еленсін дегені. Ғабит Мүсірепов Жәнібекті алғаш көріп, әнін естігенде «апырай, мынандай бала бар екен ғой, мынау «находка» ғой» деп тандай қағыпты.

Рахан кейіннен Кәкімжанға айтып жүріп, әнші Қайрат Байбосыновқа үй әперткізді. «Егер Қайратқа кеңірек үй әпермесендер, Қонаев екеуің жүретін жолға маграсымды апарып жатып аламын» деп әзілдейтін.

— Кәкімжан аға Рақымжан Қошқарбаев туралы жинастырған материалдардың барлығын әріптес-іңісі, белгілі журналист Жанболат Аупбаевқа тапсырып кетіпті деп естідік.

— Жанболат Аупбаевты «Лениншіл жаста» жүргенінен сырттай білетін, оның жазғандарын көріп қуанып жүретін, «мына жігіттен жақсы маман шығады» деп. Кейін Кәкең өзі басқаратын журналына сұрап алды. Содан кейін сол қайтыс болар алдында 7 ай бұрын деді ғой. Маған оны Кәкең айтпады, Аупбаевтың өзі айтты. «7 ай бұрын аға бүкіл Рахан жөніндегі материалдың барлығын маған тапсырды, саған аманат деді» деп. «Сол аманатын орындадым» деп мақала жазды ғой, Аупбаевқа рахмет! 1999 жылы «Халық ала алмаған қамал» деген мақаласы қоғамда үлкен мәселе қозғап, ақыры «Халық қаһарманы» тағы берілді. Бірақ ол кезде Рахан өмірде жоқ. Баукең де, Кәкең де көрмеді. Кейінгі ұрпақ көрді.

Рахан өмірден өтер кезде ауырыңқырап жүрді. Бір күні Кәкең: «Раханды үйге шақырайық, кішкене көңілің көтеріп, сөйлесейік» деді. Келді үйге. Біраз отырған соң «Кәкімжан, менде туған іні жоқ, менде туған аға жоқ. Мен бұл өмірден кетемін. Сенен басқа ешкімім жоқ. Мені Бауыржан Момышұлының саясына қой. Сонда жатайын» деді. Баукең 1982 жылы қайтыс болғанда, Кәкең жерді өзі барып алған. Ол кезде Орталық Комитетте хатшылық қызметте ғой. Иә, Кәкең Рақымжан ағасының аманатын орындап, Бауыржанның саясына қойды. Енді мына құдыретке қараңызшы, Кәкең Раханның қырқың өткізді, жылын өткізді. Раханның туған күні 19 қазан болатын. Сол жылын өткізген 1989 жылы 19 қазанда маған қонырау шалып: «сен Раханның үйіне бара бер, жеңгейді қуанып қайтайық. Мен жұмыстан шығып, кешірек жетермін» деді. Содан Рахила жеңгеймен әңгімелесіп отырғанда, Кәкең тағы хабарласты. «Қорықпа, мен ауруханаға түсіп қалдым. Бірақ бір қуанышты жаңалығым бар. Раханның атына көше, мектеп беруді сұрадық қой. Тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатуға өтініш бердім. Бүгін Орталық партия комитетінен шықтым, барлығы орындалатын болды» деді. «Енді Рахилаға бер» деді. Жеңгесімен телефонмен сөйлесіп жатты, Рахила жылап жіберді. «Қорықпаңыздар, бәрі жақсы болады» деді. Не керек, Кәкең ертесі 20-нан 21-не қараған түні о дүниелік болып кетті. Қос бірдей батыр ағасы Баукең мен Раханның жанына қойдық. Міне, өмір деген осылай екен.

Президентімізге рахмет! Биыл Раханның тойы мемлекет деңгейінде аталып өтпек. «Айбын» орденіне есімін бергізіп жатыр. Бұл да болса, халықтың батыр ұлына деген үлкен құрметі деп білемін.

Біздің жас ұрпақ Баукең, Рахан, Кәкімжан Қазыбаев үшеуінің осындай үлгілі өнегесінен, сыйластығынан өздеріне қажетін алса екен деймін. Бұлар үшеуі де әр өңірде дүниеге келгенімен бірімен бірі бауырлас, көзқарасы жарасқан күрескер адамдар болды. Мұндай жандардың өмірін жиі насихаттап, жастарға айтып отырған жөн.

— Әңгімеңізге рақмет, апа!

Сұхбаттасқан
Бауыржан БАЗАР

Өмірде де адамды еді



*Енді баршаға мәлім Мәскеу билігі
Отан соғысына Орталық Азиядан қатысқандарды
екінші ұлт деп қабылдады, төмен санады.
Әйгілі Момышұлы Баукеңнің өзіне атак бермеді ғой.
Тіптен, ұсынылып тұрған атақты
бермей қойды.*



сөз берді, Жеңіс туын қадаған сәтімдізді айтып бердім» деп келді. Енді ол жерін кесіп, монтаждап тастаса, онда соны жасаған, тапсырма берген адамдардың ар-ұятына қалдырайық...

Ең бастысы, Рахан сол жолы соғыста өзі бағындырып, Жеңіс туын қадаған Рейхстагына тағы бір барып көрді. Ол кісі Берлиннен көңілді оралды. Сол жақтағы бір мектептің пионер отряды Рақымжан Қошқарбаев есімін иеленіпті. Арада үш ай өткенде сондағы кеме жасайтын верфтегі бір бригадаға Раханның аты берілді.

— Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын әперуге Жұмабек Тәшенов те атсалысыпты. Сол туралы айтыңызшы...

— Айтайын. Сонымен, Жеңістің 20 жылдығы Одақ көлемінде дүрделетіп тойланды. Бірақ Рахана атак берілмеді. Мәс-

халықтың құрметі одан сайын арта түскендей болды. Раханды қуантқан нәрсе, кейінірек Ілияс Омаровтан келген хат болды. «Қалкам, Рақымжан!» деп басталған хатын үйіне барғанда қуанып оқып берді. Ілекең жарықтық керемет көшелі, ақылды адам еді ғой. «Әңгіме атакта емес, адамзаттың бақытына қосқан үлесте ғой. Сен бізге істеген ерлігіңнің мән-мазмұнымен қымбаттысың» деп жазыпты хатында. Рахан сол сөзден жұбаныш тауып, мерейленіп жүрді.

Енді баршаға мәлім Мәскеу билігі Отан соғысына Орталық Азиядан қатысқандарды екінші ұлт деп қабылдады, төмен санады. Әйгілі Момышұлы Баукеңнің өзіне атак бермеді ғой. Тіптен, ұсынылып тұрған атақты бермей қойды.

Кәкең кейінгі жазған анықтамаларында Баукеңе айтпай, ол кісінің де есімін қосып,



Қорқыт ата кесенесіне барамыз деген ой болмаған еді. Сапар аяқасты басталды. Баба кесенесінің Қызылорда облысы Қармақшы ауданында екенінен хабарымыз бар. Тіпті, ежелгі кесенені қайта тұрғызып, ерекше мемориалға айналдырғанын да жақсы білеміз.

ғана тартты деп қабылдады. Ал дін өкілдерін мүлдем айттырмайтын, айтқызыбайтын шақта Көшербаевтың мұндай керемет іске баруы көзсіз ерлік еді.

Сол кезде Қорқыт ескерткішін салған – Бек Ыбыраев пен С. Исатаев. Сәулетші Бек Ыбыраев өзінің бір естелігінде: «Қорқытқа ескерткіш қою жұмыстарының бәрі құпия түрде жүргізілді десе болады. Соның өзінде Көшербаевтың үстінен Орталық комитетке арыз келіп түскен. Елеу ағамыз жұмысты тыңғылықты жүргізгені соншалық, тіпті тексерушілердің

дай-ақ, кешегі шағын тастақ төбе қобыздың үні сарнаған үлкен алаңқайға, көрсен көз тоятын алып мемориалды кешенге айналған. Одан сәл төменірек түссеніз, дарияның бойы көрінеді. Алыстан Ақсақ қыздың ескерткіші де менмұндайды.

АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Ескерткішті қалпына келтіру үшін 1997 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұнда қазір амфитеатр, қылуат, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалған. 2000 жылы кешен жанынан Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы ретінде Қорқыт ата музейі ашылған. Музей қорында Қорқыт ата туралы материалдарды молынан табуға болады. Мұны бізді қарсы алған музей қызметкері Айгүл Боранбекқызы толық тәпсірлеп берді.

Қорқыт ата десе оқырманға ең әуелі аңыз жетеді. Өйткені ол туралы ақиқатқа бергісіз аңыз көп. Қорқытты бүкіл түркі жұрты өзіне ортақ ғұлама санайды. Ол да шындық. Оның өлімге бойұсынбай, ажалдан қашып құтылмақшы болып, дүниежүзін кезіп кеткені туралы да жиі айтылады. Қай жерге барса да, алдынан қазылып жатқан көр шыға береді. Ақыры өлімнен қашып құтылмасын сезген Қорқыт ата Сырдарияның ағын суының үстіне кілемін жайып жіберіп, сол кілемнің үстінде отырып елімен, жерімен қостасқан зарлы күйлерін тартады. Дария бойында отырған елдер қобыздың зарлы үнін естігенде шыдап тұра алмай, өзеннің екі жағалауына топтасып, жиналған деседі...

Қырық қыз туралы аңызда да кешқұрым қобыз дауысын естіген олар қызыққаннан жүгіре-жүгіре жете алмай, отыз тоғыз қыздың өкпесі өшіп, жолда өледі. Олардың ішінде жүгіре алмайтын бір ақсақ қыз ғана Сырдың жағасына жетіп, Қорқытты көріп өлген екен. Сол ақсақ қыздың моласы – Қорқыт ата қойылған жердің тура оңтүстік батысында арасы бір шақырым жердегі дөңнің басына орнатылған мұнара. Жұрт оны «Ақсақ қыздың белгісі» деп атайды. Кешен басына жеткенде мұнара алыстан аппақ боп мұнартып көрінеді.

Қармақшыға жеткенде жел ұйытқып, алыстан өзгеше зарлы сарын естіліп тұрғандай көрінген. Төбе басына жеткенде қобыз үні тіпті анық естілді. Кешендегі басты ескерткіш стелла – қобызды бейнелейтін төрт элементтен тұрады. Биіктігі – 12,1 метр, ені – 5,3 метр, қордай тасынан дайындалған. Әр стелла әртарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кенейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стеллалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Бізді алып жүрген музей қызметкерінен «мұнда қысы-жазы жел тұра ма?» деп сұраған едік. «Қобыз сарынына ұқсас дыбыс шығару үшін желдің өтіне арнайы тұрғызылған» дейді Айгүл Боранбекқызы.

Қобыз үні жаныңды бір ерекше күйге бөлейді екен. Адам кейде күйбен тірліктің шеңберінен шығып, бір уақ әрбір сәттің құнды екенін бағаласын деп тұрғандай. Желмен жарыса сағынышты бір күй ойналып жатыр. Қорқыт ата дәл оң тұсымызда Сырдарияның бойына кілемін жайып жіберіп, қобызын шертіп отырғандай сезіледі. Әйтеуір, бір бөлек сыр, тылсым бар. Үнсіз ғана сезінесің, үнсіз ғана бас ізейсің. Жүрек тұсында бір нәрсе шымыр ете түскендей, көңіл түкпірінде бір бөлек сезім арпалысып жатқандай әсер қалдырады.

Кесенеге келген жұрт кешеннен жаяулап тартады екен. Жолай «Ақсақ қыздың белгісіне» соғып, атаға Құран бағыштап қайтады. Біз де алыстағы мұнараға сыр шертіп, үнсіз іштей тілек тіледік...

Аса көрнекті ғалым Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» атты терең мағыналы туындысында Қорқыт күйлерін жеріне жеткізе талдайды. Ғұлама ғалымның «Әлем өркениетіне қазақ халқының қосқан өлшеусіз үлесі сол Қорқыт күйлерінен бастау алған» деген парасатты пайымы Қорқыт бабамыздың тарихта алар орнын анық айғақтап тұрғандай!

ҚОРҚЫТ АТА

Гүлзина БЕКТАС

Сыр өңіріне бұған дейін де талай рет табанымыз тиген. Бірақ Қорқыт ата кешеніне алғаш рет жол тарттық. Қызылордадан шыққан көлік Қармақшыға жүйткіп барады. Жолсерігіміз жүру ұзақтығы екі сағат деп айтқан-ды. Терезеден сыртқа – сары далаға қарап, ойға шомып келеміз.

Жолай Алма Қыраубаева апайымыз еске түсті. Ол кісі бізге 1-курста «Ежелгі әдебиеттен» дәріс оқыды. «Қорқыт ата кітабын» да алғаш ұстазымыз таныстырған еді. Апаидың құлаққа жағымды үні әлі күнге есімізден кетпейді. Ерекше әсермен дәріс оқитын. Тіпті, ұстаздың Қорқытты түркі халықтарына ортақ жәдігерлердің бірі, адамзаттың асыл мұрасы деп түсіндіргені де есте. Негізінен, батырлық жырлардың жинағы болып табылатын бұл жазбаның Дрезденде және Ватиканда сақталған екі нұсқасы бар екенін де айтқан еді. Қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков «Қорқыт ата кітабының» үшінші нұсқасы, яғни Дрезден нұсқасының көшірмесі саналатын Берлин нұсқасы бар екенін де айтады.

«Қорқыт ата кітабына» 12 жыр енген. Олар: Дерсе хан ұлы Бұқаш хан жыры, Салор Қазанның үйінің шабылғаны туралы жыр, Қам Бөрінің ұлы Бамсы Бейрек туралы жыр, Қазан бектің ұлы Ораз бектің тұтқын болғаны туралы жыр, Дұқа Қожа ұлы Делі Домрул туралы жыр, Қанлы Қожа ұлы Қан туралы жыр және тағы басқа батырлар жыры бар.

Әбубәкір Диваев 1848 жылы Қорқыт ата мазарын алғаш суретке түсірсе, Қорқыт мәйіті Сырдария өзенінің бойына қойылғанын алғаш тұжырымдаған адам – ғалым Әлкей Марғұлан.

ҚАСИЕТ ПЕН АРМАН

«Қорқыт ата кітабына» тағы бірде қайта оралармыз. Біздің бұл жолғы сапарымыздағы басты мақсат – Қорқыт ата кесенесін көру. Ерекше сәулетімен көзге түсетін баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті көрінеді. Құба жолдың бойында сән түзеген алып ескерткіш көзге бірден ілігеді. Ары-

бері өткен жолаушылар да кесенеге бір сокпай кетпесі анық.

Әлемге есімі белгілі Қорқыт ата мемориалды кешені Қармақшы ауданы Жосалы кентінің солтүстік-батысындағы 18 шақырым жердегі Қорқыт стансасына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Коммунистік партияның асқақтап тұрған шағында кешенді тұрғызуға атсалысқан жанның бірі – Елеу Көшербаев. Ол кезде аудан әкімі, кеңестік цензураның катал сынына ұшыраса да, баба кешенін тұрғызуға ықпал жасаған жан. Сол үшін тіпті сөгіс



Ескерткішті қалпына келтіру үшін 1997 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұнда қазір амфитеатр, қылуат, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалған. 2000 жылы кешен жанынан Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы ретінде Қорқыт ата музейі ашылған. Музей қорында Қорқыт ата туралы материалдарды молынан табуға болады. Мұны бізді қарсы алған музей қызметкері Айгүл Боранбекқызы толық тәпсірлеп берді.



те алған. Партия хатшылары баба мұрасын түгендеуге мүмкіндік бермесін білсе де, қайтпас қайсар жан қарсыласып бақты. Көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов бір естелігінде: «Елеу бауырым Қармақшыға хатшы болған кезінде ешкімнің айтуынсыз, көземелдеп көрсетпей-ақ Сырдың бойындағы тастақ төбенің басында Қорқыт атаға арнап ескерткіш орнатты. Онда үш қобыздың бауырына мыс түтік қойдырып, биік төбенің басын самал сокқанда мыс түтіктерден қобыздың үні шығып сарнайтын еді. Қазір ол ескерткіш халықтық жәдігерге айналды» деп жазады.

Расында да, кеңестік кезең жұрт қобыздан да, қобызды тартқан адамдардан да өлердей қорқатын шақ. Қобызды бақсылар

өзі ештеңе таба алмағандай, бәрі дұрыс деп кеткен. Сонда да болса, сақтық керек, «мына партбилеттен айырылғым келмейді» деген еді маған. Менің жұмыстарыма өзі тікелей көмектесіп отырды. Менің қандай жұмыстармен айналысып жатқанымды ешкімге айтпауым керек болды» деген екен.

Ал шын мәнінде Ленин ескерткішін салу маңызды болған шақта Қорқыт атаға ескерткіш орнату сұмдық оқиға еді. Ол кезде хатшылардың басқан ізі андулы болатыны сөзсіз. Мұндай жандар Көшер-


баевты да елеусіз қалдырмады. Оның үстінен Орталық комитетке домалақ арыз жөнелтеді. Арыз барған соң міндетті түрде тексеру жүргізіледі. Тексерушілер бәрін көріп-біліп кетсе де, Көшербаев ештенеден ықпалдан, ескерткіш орнату жұмысын жүргізе берген.

Ескерткіштің ашылу салтанатын да солай жүргізді. Алматыдан ақын-жазушыларды алдырып, қазақ әдебиетінің күндерін өткізеді. Екі бірдей дін өкілі – Қорқыт ата мен Тұрмағамбет Ізгілеуовке ескерткіш қойып, соны әдеби қауымның алдында таныстырады.

Қазір сол ескерткіш жарты әлемді жалғастырып жатқан құла жолдың бойында, Сырдың жағасында жатыр. Айтса айтқан-

Басындағы

ҚОҢЫР КҮЙ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Адал адам туралы тек Атырауда ғана айтқан жоқ. Атырауда Адал адам болуға жетелейтін адал еңбек пен адал табыс табу арқылы Әділетті Қазақстан құру көзқарасын нақтылаған болса, ал қоғамдық сананы өзгерту жөніндегі бас-таманы Түркістандағы Құрылтайда көтерген болатын. Ата-бабамыз ниет түзулігі жөнінде бұрыннан айтып келеді. Сол сияқты қазіргі уақытта Әділетті Қазақстанды құру тек саяси-экономикалық реформалармен шектелмейді. Мемлекет басшысы айтқандай, Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Ең бірінші, сананы сілкілеу – барымыз мен нарымызды електен өткізіп қажетін қалдыру.

Жалпы, Ұлттық құрылтайдың қай жиынында болмасын басты тақырыпта адам-қоғам, оны заманға сай қалай дамыту, рухани өсу жолдары қозғалып келеді. Мемлекет басшысының даңқты бабаларымыз ат тізгінін босатып, шылбырын байлаған қасиетті киелі жерлерде Құрылтай өткізуінде үлкен астар жатыр.

Адам мәселесіне келетін болсақ, белгілі ғұлама әл-Фарабидің еңбектерінен артық еңбекті, дана сөздерді кездестір-меппін. Абайдың «Толық адамы» да әл-Фараби еңбектерінен кейін дүниеге келген. Алайда бұл танымда Абайдың антика дәуірінің мықты философтары Сократ, Платон, Аристотельдің де еңбектеріне ден қойғаны байқалады. Әсіресе, Аристотельдің «Этика» ілімінен осы Абайдың «Толық адам» ілімі бастау алып, адамгершіліктің құндылығы қайырымдылықта деген түсінікті толықтырып жалғастыра түскен. Гректің ойшылдары мен әл-Фараби еңбектері сабақтас, ой түйісуі бірдей. Қандай адам болу адамның өзіне байланысты адам өз өмірінің кожасы деген тұжырымға алып келеді. Отырарлық ғұлама болмысты зерттей

АДАЛДЫҚ – АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ



отырып, бақытқа барар кілтті іздейді. Аристотель мен Платонды философияны жасаушы деп ұқсақ, әл-Фараби осы екеуінің еңбектерін зерделеген, жалғастырушы деп айтсақ қате емес деп ойлаймын.

Әбу Насыр әл-Фараби болмысты зерттеу арқылы адам бойындағы қабілетті өле-өлгенше болмысты тануға жұмсауды меже тұтты, ізгілікке жетуді мақсат етті, ізгілікке жеткенді адами даналық деп түсіндірді. Әл-Фараби адам мен қоғамды

“
Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауларында ғылым туралы айтпай кетпейді. Әл-Фараби ғылымды екіге бөлінетінін, біріншісі – ізгілікке жету, екіншісі – пайдаға ие болу десе, қазіргі қоғамда елімізде ізгілік жасай отырып жаңалық ашып, елге пайдасы тисе, оны ел болып, жұрт болып қолданса, ғалымның еңбегі бағаланып пайда тапса, оның еш айыбы жоқ.

бөліп жармайды, қайта адам бақытқа жету үшін өзара бір-бірімен бірігуге мұқтаж дей келе, «бақыт дегеніміз ізгілік» дегенге саяды. Ғұламаның дәл осы ойлары қай фармацияда болмасын өміршеңдігін жоғалтпады. Біреулер бақытты мал-мүлікпен, байлықтан, кейбірі биліктен іздесе, ғұлама бақытты ғылымнан тапқан. Негізінде, бақытқа жетуді ғұлама қайырымдылықпен үнемі байланыстырып отырады. Ғұлама қоғамның түрін ұлы, орташа, шағын деп үшке бөледі. Ұлы қоғамға жататын бір идея төңірегіне біріккен, бір-біріне қол ұшын беретін көпшілік. Дәл осы қоғам – Мемлекет басшысы күн тәртібіне мақсат етіп қойған, баршаға үндеген – ұлт сапасы мықты қоғам. Мем-

лекет басшысы ұлт сапасын жақсартып отырып қана Әділетті Қазақстанға қол жеткізуге болатынын елге жеткізуде. Әл-Фараби еңбегіндегі орташа қоғам бір халықты ғана құраса, шағын қоғам – белгілі бір жерде, мысалы бір қалада топтасқан қоғам. Ғұламаның «Қайырымды қала» еңбегінен қала адамдарының ізгілік мейірімінен адалдықты тануға болады. Ғұламаның ойшылдығына таңғалатын бір нәрсе бақыт жөнінде пікірді адамдардың өзіне қалдырады, демек ой еркіндігін мойындайды, қайта адамдардың бәрі бақытты терең ұғынуы үшін ұстаздың, тәлімгердің қажеттігін айтады. Халық айтты деп күнара айтатын «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген дана сөздер Әбу Насыр әл-Фарабидің түйінді ойлары екенін жұрттың бәрі біле бермейді. Ғұлама бақытқа жетудегі ең қажеті қайырымдылық, ал кедергісі зұлымдық дейді. Бұны да уақыт дәлелдеп отыр.

Ғұлама қоғамды бақытты ету үшін ел басқарушысына қажет он екі қасиетті атайды. Қазір ол қасиеттердің көбісін Әдеп кодексінде пайдаланып жүрміз. Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауларында ғылым туралы айтпай кетпейді. Әл-Фараби ғылымды екіге бөлінетінін, біріншісі – ізгілікке жету, екіншісі – пайдаға ие болу десе, қазіргі қоғамда елімізде ізгілік жасай отырып жаңалық ашып, елге пайдасы тисе, оны ел болып, жұрт болып қолданса, ғалымның еңбегі бағаланып пайда тапса, оның еш айыбы жоқ. Мемлекет басшысы ел экономикасын көтеру үшін креативті ойлаушы азаматтарды қолдап отыр. Бұл – ғұлама ойларының ғасырлар асып жүзеге аса бастауының көрінісі.

Биыл Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы жалпыұлттық құндылықтар жүйесіне тоқталды. Атырауда айтылған «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұғымдары Адал адам келбетін толық қамтиды. Адал адамсыз әділетті қоғамды құру мүмкін еместігін ғұламаларымыз дәлелдеп кеткен, қарапайым халық та түсінеді. «Адам өз өмірінің қожасы» деп әл-Фараби жазып кеткендей, ұлы қоғамды жасайтын да адамдар, әрине адал адамдар. Адалдық та, адамгершілік те, ізгілік те өз бойымыздан табылуға тиіс. Ұлттық бірегейлігіміз сонда ғана нығаяды. Мемлекет басшысы адал азамат болуға ұмтылыстың қажеттігін үнемі қайталап айтумен келеді. Қолдайық, осы идея төңірегіне топтасайық. Әрқайсымыз өз саламызда адал еңбек етсек, табысымыз да адал, айналамызға бауырмалдық, қайырымдылық танытсақ, занның үстемдігін мойындасақ, Әділетті Қазақстанды құруға қосқан үлесіміз болады.

Адал азамат идеясы бізді әл-Фараби мұраларына үнілуге жетеледі. Отырарлық ойшылдың өсиет, мұрасы біз үшін бағдаршам болуы керек. Еліміздің әрбір азаматы адалдық адами қасиеттің ең басты шарты екенін естен шығармауға тиіс. Адал азамат болып адал еңбек ету, адал табыс табу тек өзіміздің ерік-жігерімізге, отаншылдығымызға, адами ниет-пейілімізге, парасатымызға байланысты.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА,
«АМАНАТ» партиясы
Түркістан облыстық филиалы
атқарушы хатшысының орынбасары,
Түркістан облыстық мәслихатының
депутаты



ЖӨНСІЗ ҚҰРЫЛЫС, ЖҮЙЕСІЗ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ



Құрылысы қарқынды дамып жатқан Сыр өңірінде оңтайлы нәтижемен қатар, кемшілік те аз емес. Өңірдегі кейбір нысандардың құрылысы сағызша созылып, сапасының солқылдақ тұстары көзге ұрады.

СЕКСЕУЛДЕГІ АУРУХАНАНЫҢ САҚАЛЫ «САПСИЫП» ӘЛІ ТҮР

Бүлемдеу мекемесінің құрылысы жайында 2019 жылдан бері айтылып келеді. Еститін құлақ болса, осы күнге дейін талай мәрте баспасөз беттері мен телеарналарда құрылыс нысанының ахуалы сөз болды. Бірақ әлі күнге дейін түзелген дүние жоқ. Арал ауданы орталығынан 60 шақырым қашық орналасқан Сексеуіл кенті көп жылдан бері бір ауруханаға қол жеткізе алмай отыр. Әлі күнге дейін 1928 жылы салынған ескі емханада емделіп жүрген тұрғылықты халықтың жағдайы мүшкіл болды.

Аталмыш кентте жаңа аурухана құрылысының басталғанына да алты жылға жуықтады. Бірақ құрылыс нысаны түрлі себеппен сағызша

созылып тұр. Алғашында жоспар бойынша аурухана екі жылдың ішінде салынып бітуге тиіс болатын. Алайда сәтті басталған жобаның соңы сиырқұйымшақтанып кетті. Мамандар құрылыстың жар ортасына жетпей тоқтауын мердігердің жауапсыздығынан деп түсіндіреді.

Тұрғылықты халық аурухана құрылысына бөлінген қаржы мақсатсыз жұмсалғанын айтады. Соның салдарынан емдеу мекемесін толық аяқтап, ел игілігіне беру мүмкін болмай тұр.

«Бұл емхана құрылысы 2019 жылы басталды. Содан бері жыры бітер емес. Ол уақытта Арал ауданының әкімі болған Серік Сермағанбетов құрылыс жұмысын бақылауда ұстады. Уақыт өте келе мердігер компанияға қатысты шу шығып, іс сотқа дейін жеткенінен хабардар болдық. Соның салдарынан құрылыс жұмысы тоқтап қалды. 2023 жылы аурухана құрылысы басқа бір мердігерге өтті деген хабар естігенбіз. Халықтың аурухана құрылысы жанданады деген үміті қайта оян-

ғандай болып еді. Бірақ ол компанияның жұмысы ғимараттың төбесіне плита төсеп, кірпіштерін түсіріп қойғаннан арыға аспады. Осылайша, жаңа ауруханаға көптің қолы жетпей отыр. Ал төрт қабырғасы тұрғызылған нысан жаңбыр мен қар суына мүжіліп, қыруар қаржы желге ұшып барады», — деп ашынады ауыл тұрғыны Ғабит Мырзашев.

Көпке күмән болған құрылыс нысаны әлі күнге жетімнің күйін кешіп тұр. Тұрғылықты халық бар гөп тендер өткізуде құйтырқылыққа жол берілгенін алға тартады. Бармақ басты, көз қысты әрекеттердің салдарынан, қарапайым халықты сапалы медициналық қызметке мұқтаж етіп қойды деп санайды.

Құрылысқа тікелей жауапты Қызылорда облысының Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына хабарласып, осы мәселе төңірегінде сұрау салған едік, басқарманың жазбаша жауабында: «Арал ауданы Сексеуіл кентіндегі 40 төсектік ауылдық аурухана құрылысын аяқтау назардан тыс емес. Тап-

сырыс беруші — облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы. Осы күнге дейін құрылыс нысанының іргетасын қалау жұмысы толық аяқталды. Ал қабырғасын қалау жұмысы 90 пайызға бітсе, төбе жабындысы 70%, ішкі сылақ әрлеу жұмысы 30%, сыртқы қоршауы 70 пайызға орындалды. Бүгінде «Интегрострой» ЖШС-мен қалдық қаржыға аурухананың құрылыс-монтаж жұмысын бітіріп беру бойынша шарт жасалды. Құрылыс жұмысы жыл соңына дейін аяқталады», — делінген.

КӨПТІҢ АРМАНЫ — КӨГІЛДІР ОТЫН

Сексеуілдіктерді көптен бері көгілдір отынмен қамту мәселесі де толғандырып жүр. 2022 жылы сол кездегі Арал ауданының әкімі болған Серік Сермағанбетов сексеуілдік халықты арнайы құттықтап, республикалық және облыстық бюджет есебінен жүргізілетін жаңа құрылысқа сәттілік тілегені ел есінде.

Сол кездері газдандыру жұмысына STROYGAZCOMPANY және АКВАРИС STROY LTD ЖШС жауапты мердігер ретінде танылған. Осы арқылы Сексеуіл кентіндегі 2 300 тұрғын үй, 23 әлеуметтік және 53 кәсіпкерлік нысанға газ тартылып, 11 мыңның үстіндегі тұрғын көгілдір отынмен қамтылатыны жария болған еді. Алайда кент халқы ол уәде сөз күйінде қалып қойғанын айтып, ашынады.

Қағаз күйінде бар, іс жүзінде жоқ жобалар сексеуілдіктерді шаршатты. Ең болмағанда, қаржысы шешіліп

тұрған жобалардың сағызша созылуының себебін түсіне алмауда.

«Жергілікті жұртшылық газ бен аурухана құрылысын күтумен күндерін өткізіп келеді. Аурухана мәселесіне келсек, шарасы таусылған халық әлі күнге дейін жауын жауса төбесінен су тамшылайтын ескі ауруханаға қаралуға мәжбүр. Перзентхана мәселесі атымен жоқ. Осы жайында облыстан сұрағанымызда, ауылымызға қала статусы берілмейінше, бұл мәселе шешілмейтінін алға тартты. Бүгінде 10 мыңнан астам халқы бар Сексеуілге статус беруге қандай келдергі болып тұрғаны беймәлім. Жүкті әйелдер 60 шақырымдағы аудан орталығынан қатынауға мәжбүр. Ең қиыны, жолда босанып қалып жатқан жағдайлар да болып жатыр. Көгілдір отынмен қамту ісі де көзден бұлбұл ұшып барады», — деп мұның шақты Сексеуіл кентінің тағы бір тұрғыны Айбатыр Жақсыбаев.

Сексеуілдіктер аурухана мен перзентхана мәселесі жедел шешілмесе, алдағы уақытта жолда босанған «Жолдыбай», «Жолшыбайлардың» қатары көбейетінін айтып отыр. Бұл бірінші кезекте ана мен бала өмірін үлкен қатерге тігеді. Қалай дегенде де, әзірге сөз жүзінде қалып тұрған жобаларды күтумен күндерін өткізіп жүрген сексеуілдіктердің айтар базынасы көп. Үш жыл көлемінде облыс әкімі төбе көрсетпегенін айтып, қынжылады. Соған орай аймақ басшысы кентке арнайы келіп, қазіргі ахуалды көзбен көрсеп деген тілегін жеткізіп отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ШЫМКЕНТТЕ IT HUB АШУҒА МҮМКІНДІК КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында өңірлік деңгейде инновациялық экожүйені кеңейтудің маңызын атап өтті. Astana Hub тәжірибесін кеңінен насихаттап, оны өңірлерде дамыту міндетін қойған болатын. Өңірлік хабтар ұйымдастыру аймақтарда IT саланың дамуына жол ашады.



Осы бағытта Шымкент қаласының көрме орталығында Google Developer Groups тақырыбында IT конференция өтті. Конференцияға мегаполистегі стартап жобалары бар жоғары оқу орындары, сала бойынша білім алып жатқан студенттер, жалпы IT саласына қызығатын көпшілік қатысты.

Бүгінде Шымкент қаласы бойынша 30-ға жуық ірі IT компаниясы жұмыс істейді.

— Өңірлік IT саласын дамытуға ықпал ету, ақпараттық технологиялар саласында тәжірибе, білім және идеялар алмасу үшін конференцияның маңызы зор. Сонымен қатар IT мамандарын, жоба әзірлеушілерді, кәсіпкерлерді және мемлекеттік қызмет-

керлерді біріктіру мен цифрландыру саласына қызығушылығы бар жастарға бағыт-бағдар беру де — басты мақсатымыз. Келешекте Шымкент қаласында өз IT орталығын ашсақ дейміз, — дейді Шымкент қаласының цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов.

Жиында Tolem taxi өнімінің өкілдері өз өнімдерін таныстырды. Өңірдегі көліктік саланы цифрландыру жүйесі бойынша тәжірибелерімен бөлісті.

Сонымен бірге басқа да түрлі мобильді қосымша мен автоматты басқару бойынша тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылды.

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

«МГ ЖБ кран тораптарындағы CCTV ауыстыру» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«МГ ЖБ кран тораптарындағы CCTV ауыстыру» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «МГ ЖБ кран тораптарындағы CCTV ауыстыру» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны - 2, жалпы сомасы 125 522 000,00 теңге, ҚҚС-сыз)

Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы «13» мамырда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы «13» мамырда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Замена CCTV на крановых узлах ЛЧ МГ»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке товаров «Замена CCTV на крановых узлах ЛЧ МГ» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке товаров «Замена CCTV на крановых узлах ЛЧ МГ». (Количество лотов — 2, на общую сумму 125 522 000,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов «13» мая 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов «13» мая 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Кейінгі уақытта елімізде креативті индустрия саласына ерекше ден қойылып, осы бағытта қолға алынуы тиіс іс-шаралардың саны артқанын байқаймыз. Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында креативті индустрияны дамытудың тиімді тұстарын атап көрсетті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



СЕНІМГЕ СЕРПІН БЕРГЕН САЛА

Президент креативті индустрияның жалпы ішкі өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейтінін, онымен қоса жұмыспен қамту саласындағы үлесі де мәз емес екенін айтқан еді. Жақында Қасым-Жомарт Тоқаев креативті индустрия саласының өкілдерімен кездесті. Шығармашылық әлеует пен зор талант креативті индустрияның негізі екенін алға тартқан Мемлекет басшысы қазір бұл бағытты басты назарына алып отыр. Әлемнің алпауыт елдерінің тәжірибесімен салыстырып қарасақ, креативті индустрия саласы Қазақстанда толыққанды дамымаған. Дегенмен осы бағытты алға жылжыту мақсатында алға қойылған мақсат-міндеттер де жоқ емес. Солардың бірі – таяуда ғана Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткен ғылым апталығы. Жыл сайын дәстүрге айналған іс-шара биыл «Қазақстанның қазіргі заманғы өнері: зерттеу серпіні мен интеллектуалдық инновация» тақырыбына арналды. Апталықтың алғашқы күні Президент жанындағы Ұлттық құрылтайдың отырысын ақпараттық сүйемелдеу және насихаттау мақсатында профессорлар мен оқытушылардың баяндамасынан бастау алды.

Жоғарыда креативті индустрия жайында сөз қозғауымыз

қырылған. Олардың ішінде Түркияның Анталия қаласынан философия ғылымдарының докторы, Ақденіз университеті, Бейнелеу өнері факультеті Графикалық дизайн кафедрасының доценті Айдын Зор, экономика ғылымдарының кандидаты, «Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының профессоры, «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты Анар Молдашева және Польшада білім алатын Ааartist халықаралық компаниясының негізін қалаушы Алесия Юрт бар.

БІЗ ӘЛІ ЖОБАЛАРДЫ ӨНДІСКЕ ЕНГІЗУ САТЫСЫНАН АЛЫСПЫЗ

Ғылыми апталықтың өнер, интеллектуалдық инновация тақырыбына арналуының да өзіндік мән-маңызы бар. Байқау барысында сұрақтарымызға жауап беріп, ғылым апталығы жөнінде кең ауқымда ақпарат

мемлекеттік қаржыға креативті индустриядан 3 пайыз түсім түседі екен. Ал әлемнің дамыған елдерінде, соның ішінде АҚШ-та креативті индустриядан түсетін түсім ұлттық кірістің шамамен 70 пайызын құрайды. Осындай салыстырмалы көрсеткіштерден кейін бізде креативті шығармашылық алаңға ең алдымен тәжірибелі мамандар даярлау мәселесі пайда болды. 2021 жылдары Қазақстанда 3000-нан аса жеке және бірлескен ұйымдардың шығармашылық тобы бар екені белгілі болды. Бүгінде бұл көрсеткіш бірнеше пайызға өскен болуы керек, өйткені осы уақыт аралығында еліміздің кейбір аймақтарында креативті офистер ашылды, азаматтарға субсидия бөлінді, – дейді проректор.

Академия проректорының айтуынша, байқауға ұсынылған жобалар арасында елімізде осы уақытқа дейін жүзеге асырылмаған, әлемдік трендтерге негізделген идеялар да болуы мүмкін. Қатысушылардың зерттеу жұмыстары ұсынысқа бағытталған, сонымен қатар нақты аналитикаға құрылған. Проректор осы ретте шетелден келген сарапшыларды тарту арқылы жас авторлардың жобаларын қолданысқа енгізуге талпыну қажет екенін атап өтті.

– Қазіргі заман өнерінде зерттеу серпінін беріп отырған үлкен бағыттар бар. Олар: кино, театр және т.б. Мұндай мамандықтар академиямызда оқытылатын 6 факультетте, жеке кафедраларды есептегенде 24 кафедралық іске асырылады. Академиямызда ғылымды ұйымдастыру мәселесіне келсек, мәселен, қазіргі уақытта өткізіліп отырған ғылыми іс-шаралар, стартап байқаулар ең бірін-

шіден пікірталас алаңын құруға, сондай-ақ зерттеу жұмыстарын жарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Инновация – бұл техникалық серпін деген түсінікпен шектелмейді. Өнер бағыты бойынша бүгінгі және ертеңгі қадамымыз қандай болмақ, бізге не жетіспейді? Меніңше, осындай қадамдарды толыққанды түсініп, әрі қарай жүйелі әрекет етудің өзі инновация. «Өнер» стартаптар жобасы әзірге бағдарлау, бағамдау деңгейінде ғана өткізіліп отыр. Жобаның идеясын әзірлеу, оның кемшіліктерін таба білу де үлкен мәселе. Қазір білім алушылардың көкірек көзін ашу, үйрету баспалдағында келе жатырмыз. Біз әлі байқауға келіп түскен жобаларды өндіріске енгізу сатысынан алыспыз, – дейді академияның ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Қабыл Заманбекұлы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА ӨТЕ АЗ

Ал «Арт-менеджмент» кафедрасының доценті Қуат Мұсабаев байқаудың басты міндеті



мен дйттеген мақсаты – шығармашылық стартаптарды әзірлеумен айналысатын авторлармен жұмыс істеу, бүгінгі заман талабына сәйкес жобаларды қалай жасау қажет екенін балаларға үйрету екенін айтады. Ең маңыздысы – жобаны бастау, студенттердің ғылым жолына түсіп, идеяларының қолдау табуына атсалысу. Әрмен қарай сол жобаларды нарыққа шығаруға, сондай-ақ халықаралық деңгейде танытуға көмектесу.

– Стартап жобалар байқауы негізінен онлайн форматта өткізіліп отыр. Байқау жұмыстарына төрелік ететін сарапшыларды іріктеу кезінде олардың креативті индустриядан жетік хабары барына, білімі мен тәжірибесінің жан-жақты болуына мән бердік. Іс-шара халықаралық деңгейде өтетін болғандықтан, қатысушылар мен қазылар алқасының барлығын жинап, байқауды Zoom платформасы арқылы өткіземіз деп шештік. Қатысушылардың арасында академиямыздың бакалавриат және магистратура бөлімінде білім алатын студенттер де бар. Стартап жобалар байқауының әділ өтуін бақылауда ұстаймыз. Сонымен қатар байқау аяқталғаннан кейін қатысушылардың жобаларымен танысқан сарапшылар бізге өз пікірін айтып, ұсыныс жазды. Бұл дегеніміз – келесі жылы халықаралық шығармашылық байқаулар жарияланса, біз сол доғаға сарапшылар ұсынған авторлардың жобасын шығарамыз. Шыны керек, елімізде өнер саласындағы шығармашылық жоба өте аз. Қарап отырсақ, стартап жобалар көбіне экономика, технология саласында жүзеге асырылады, – дейді ол.

Қуат Мұсабаев жас авторлардың жобаларына кәсіпкерлік қолдау көрсету маңызды екенін негізге алды. Дегенмен «Өнер-2024» жас авторлар арасындағы байқау болғандықтан, шығармашылық жобаларды толыққанды сүзгіден өткізіп, әлі де реттеу керек.

– Байқауға өз жобасын ұсынған қатысушыларымыз өте дарынды. Олардың жоба әзірлеудегі негізгі идеялары жақсы. Дегенмен шығармашылық жобаны бастау үшін идея аздық етеді. Онымен қоса, жеткілікті қаражат қажет. Қазақстанда нарықтық экономика болғандықтан, жас ғалымдардың стартап жобаларына, тіпті олардың жеке бизнесін қолға алуына кәсіпкерлік қолдау көрсету қажет. Бірақ жоба құрылымы толық дайын болғаннан кейін ғана оны кәсіпкерлік тұрғыда қарастыруға болады, – дейді Қ. Мұсабаев.

ФЕСТИВАЛЬДІ ӨТКІЗУ ҮШІН 36 МИЛЛИОН ТЕНГЕ ҚАЖЕТ

«Өнер-2024» шығармашылық жобалар мен стартаптар байқауының ақтық сынына өткен қатысушылардың бірі, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Арт-менеджмент» кафедрасының I-курс студенті – Мұқан Жалғас. Кейіпкеріміз стартаптар байқауына «Ауыл Fest» деп аталатын авторлық жобасын ұсыныпты. Жас дарын жобаның көздеген мақсаты – Қазақстанның әр аймағында назарға ілінбей қалған жас таланттарды сахнаға шығару, олардың өз өнерін паш етуге мүмкіндік беру екенін айтады. Өңгіме барысында қатысушының өзінен жобаны қаржыландыру мәселесі туралы сұрап көрдік. Ол расында жобаны жүзеге асыру мәселе қаржыға келіп тірелетінін жасырмады. Жоба авторының есептеуі бойынша, фестивальді өткізу үшін шамамен 36 миллион теңге көлемінде қаражат қажет.

– Мен стартаптар байқауына «Ауыл Fest-2024» атты электронды музыка фестивалі жобасын ұсындым. Аталған жобаны Қазақстанның төрт қаласында өткізу жоспарланған: Степногорск, Ленгер, Доссор, Риддер. Осы тұста неліктен жоба атауы «Ауыл Fest-2024», бірақ байқау қалашықтарда өтуі тиіс деген сауал туындауы мүмкін. Байқауды шағын қалашықтарда өткізіміздің негізгі себебі де бар. Фестивальға қалашық маңында орналасқан ауыл-аймақтардың жастары да қатыса алады. Әзірге жобаның басты хэдлайнері ретінде өнші Иманбек Зейкеновті шақырғымыз келеді. Сондай-ақ фестиваль аясында ретро-хит әндер жанаша нұсқада, нақтырақ айтсақ, ремейк, ремикс форматында шырқалады. Байқау өткізу жоспарланған қала тұрғындары мұндай керемет ауқымды жобаның өз аймағында өткенін қалайды деп ойлаймын, – дейді өнер академиясының студенті М. Жалғас.

Креативті индустрия ел экономикасы мен халықтың әл-ауқатының жақсаруына әсер етіп қана қоймай, отандық сапалы контент өнімдерінің артуына ықпал етеді. Қазірдің өзінде жоспарланған іс-шаралар өз жұмысын бастады. Осы тұста студенттердің тың идеялары мен тәуелсіз ой-өресі шығармашылық өндіріске серпін алып келеді деген үміттеміз.

Алматы қаласы



тегін емес. Себебі біз ғылым апталығы аясында ұйымдастырылған «Өнер-2024» халықаралық шығармашылық жобалар мен стартаптар байқауына арнайы ат басын бұрдық. Жас авторлардың идеяларын ортаға салуға және оларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жиынның негізі де креативті индустрияға бағытталған. Байқау жұмысы осыдан бір айдан аса уақыт бұрын басталған. Қатысушылардан келіп түскен өтінімдердің арасында бірінші кезеңнен он сегіз адам ақтық сынға өтті. Байқау ұйымдастырушыларының айтуынша, қатысушылардың жобасына бағасын беретін әділқазылар алқасы Қазақстаннан ғана емес, сондай-ақ шет мемлекеттерден де арнайы ша-

берген академияның ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Қабыл Халықов креативті индустрияның маңызы мен өткізіліп отырған шығармашылық жобалар байқауының аталған салаға қосар үлесі туралы пікірімен бөлісті.

– Ғылым апталығы жыл сайын академиямызда күзде және көктемде ұйымдастырылады. Негізінен, көктем айларында өтетін ғылым апталығы кең ауқымда өткізіледі, себебі бұл ғылыми зерттеулердің пісіп-жетіліп, қорғаудың алдында тұрған кезеңі саналады. Ел Президенті 2021 жылдың соңында креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасын жариялаған еді. Елімізде

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына конкурс жариялайды.

Кәсіпорынның негізгі қызметі арнаулы ғылыми білім құралдарымен қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізу, сондай-ақ сот сараптамасы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары білім: заңгерлік не экономикалық, медициналық, техникалық.

Жұмыс тәжірибесі: Мамандығы бойынша сот-сараптама қызметі саласында басшы лауазымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Құзыреті: Басқарушылық дағдылар, стратегиялық ойлау, бейімделу мен икемділік, мақсаттылық, сот сараптамасы саласындағы, сондай-ақ жұмысты басқару және ұйымдастыру саласындағы әдіснамалар мен стандарттарды білу, әдептілік, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, қақтығыс-менеджмент, ауқымды ақпарат талдау қабілеті, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарас.

Заннаманы білуі: Қазақстан Республикасының конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Азаматтық, Азаматтық процестік кодекстерін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Әділет органдары туралы», «Сот-сараптама қызметі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және сот-сараптама қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін білуі.

Комиссия конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізу кезінде мемлекеттік кәсіпорын қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуін тексереді.

Сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) бекіткен тиісті кәсіпорын басшысының біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулығының негізінде конкурсқа қатысушылардың кәсіби білімі анықталады, басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті, оның ішінде сот сараптама қызметін жетілдіру.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар, хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде келесі мекенжайда қабылданады: Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 13 кіреберіс, 937 каб. байланыс тел. 8 (7172) 74-06-39, 55-88-26, 8 771 700 01 71.

Әңгімелесудің өткізілетін күні туралы конкурсқа қатысушылар қосымша хабардар етілетін болады.

Министерство юстиции Республики Казахстан объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора Республиканского государственного казенного предприятия «Центр судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан».

Основным предметом деятельности предприятия является производство судебной экспертизы по уголовным, гражданским делам и делам об административных правонарушениях средствами специальных научных знаний, а также осуществление научно-исследовательской деятельности по вопросам судебной экспертизы.

Требования, предъявляемые к участникам конкурса:

Образование: высшее образование: юридическое, либо экономическое, медицинское, техническое.

Опыт работы: Наличие стажа работы по специальности на руководящих должностях в сфере судебно-экспертной деятельности не менее 5 лет.

Компетенция: Управленческие навыки, стратегическое мышление, гибкость и адаптивность, целеустремленность, знание методологий и стандартов в области судебных экспертиз, а также в области управления и организации работы, этичность, нетерпимость к коррупции, конфликт-менеджмент, способность анализировать большой объем информации, творческий подход к решению проблем.

Знание законодательства: Знание Конституции Республики Казахстан, Трудового кодекса Республики Казахстан, Административного процессуально-процессуального кодекса Республики Казахстан, «Об административных правонарушениях», Уголовного, Уголовно-процессуального, Гражданского, Гражданского процессуального кодексов Республики Казахстан, Законов Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «О правовых актах», «Об органах юстиции», «О судебно-экспертной деятельности», «О государственном имуществе» и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан, регламентирующих судебно-экспертную деятельность.

При проведении комиссией собеседования с участниками конкурса проверяются знания нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в сфере деятельности государственного предприятия.

Также определяются профессиональные знания участников конкурса на основании квалификационных требований и должностной инструкции руководителя соответствующего предприятия, утвержденных уполномоченным органом соответствующей отрасли (местным исполнительным органом), умение принятия управленческих решений, в том числе по совершенствованию судебно-экспертной деятельности.

Лица, изъявившие желание принять участие в конкурсе, должны представить следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе;
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) копии документов об образовании;
- 4) документы, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан;

5) справку по форме №075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № КР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 21579).

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы).

Прием документов для участия в конкурсе проводится в течение пятнадцати календарных дней с момента опубликования по адресу:

г. Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, Дом министерств, 13 подъезд, каб. 937, конт.тел: 8 (7172) 74-06-39, 55-88-26, 8 771 700 01 71.

О дате проведения собеседования участники конкурса будут уведомлены дополнительно.

«Теміржолсу—Ақтөбе» ЖШС өтінімдері бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті депутаттарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғаларды «Теміржолсу—Ақтөбе» ЖШС-ның:

— Атырау учаскесінің Ақжайық, Құлсары, Сағыз стандалары бойынша жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау;

— Атырау учаскесінің ағынды суды бұру және тазарту бойынша;

— Атырау, Құлсары учаскесінің тарату желілері арқылы су беру;

— Атырау учаскесінің «Кереген-Сағыз-Мукур-Жантерек-Жамансор» стандаларымен тарату желілері арқылы су беру;

— Атырау учаскесінің «Сағыз—Ноғайты» стандаларымен магистралдық құбырлар мен тарату желілері арқылы су беру;

— Атырау учаскесінің жылу энергиясын беру, тарату және жабдықтау қызметтеріне тарифті және тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімін қарау бойынша жария тыңдауға шақырады.

Жария тыңдау 2024 жылдың 13 мамыр күні сағат 15:00-де Ақтөбе қаласы, 8 март көшесі, 7 үй мекенжайында өткізілетін болады.

Сонымен қатар көптеген мүдделі тұлғалың қолжетімді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында, жария тыңдау параллелді түрде департаменттің ресми парақшасында Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде де өтеді <http://www.facebook.com/100015441583508>.

Бұл ретте, әрбір тұтынушы онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар (материалдар) бойынша департаментке мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8 (7132) 55-73-38.

«Теміржолсу—Ақтөбе» ЖШС-ның байланыс телефоны: 8 (7132) 97-58-31.

«Ауаны баптау жүйелеріне сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер» сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру
«Азиялық Газқұбыры» ЖШС Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы., Ақтоған а, Тилемис Батыр көшесі, 4 үйі, БСН 50340008739, «Эдельвейс Мерке» ЖШС-ның «Ауаны баптау жүйелеріне сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер» тендерлік жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке «Услуги по сервисному обслуживанию и ремонту систем кондиционирования»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке «Услуги по сервисному обслуживанию и ремонту систем кондиционирования» тендерную заявку ТОО «Эдельвейс Мерке», Республика Казахстан, Жамбылская область, с. Ақтоған, ул. Тилемис Батыр, д.4, БИН 150340008739.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«Жанар-жағармай материалдары» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Жанар-жағармай материалдары» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товаров «Горюче-смазочные материалы»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Горюче-смазочные материалы» – несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«Стационарлық газ анализаторлары» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Стационарлық газ анализаторлары» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товаров «Газоанализаторы стационарные»



ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Газоанализаторы стационарные» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Тұрардың жазған ДИКТАНТЫ

Тарихтың ақтаңдақ беттерінде ақиқаты ашылмаған дүние көп. Бірі – сол тұстағы солақай саясаттың кесірінен бұрмаланған болса, енді екіншісі – архивтің шаң басқан құжаттарының арасында құпия құлпына таңылып жатыр. Рас, егемендік таңынан кейін өшкеніміз қайта жаңғырып, жоғалғанымыздың бір бөлігі табылғандай болды. Міне, сондай құнды дүниелеріміздің бірегейі – Алаш ардақтысы Тұрар Рысқұловқа қатысты тың деректер.

Саятхан САТЫЛҒАН



Жамбыл облысының мемлекеттік архивінде бүгінде «Совет өкіметін орнатушылар» қорында Тұрардай тау тұлғаға қатысты біршама құжат жинақталған. Ол жерде түпнұсқа құжаттарымен қатар, Ташкент, Шымкент архивтерінде сақталған тың мұралардың көшірмелері де сақталған. Рысқұловтың өз қолтаңбасы Әулиеата уездік атқару комитеті қорының құжаттарында 1920 жылға дейін жиі кездеседі. Оның ішінде 1919 жылы ашаршылыққа тап болғандарды аман алып қалу мақсатында қоғамдық асханалар құру туралы да тапсырмалық құжаттары бар. Ташкентте түпнұсқасы, ал өңір архивінде көшірмесі сақталған 1926 жылғы Нау-

рыз мерекесін тойлау туралы бұйрық құжат тіпті теңдессіз қазына. Сондай-ақ 1915 жылы Ташкент педагогикалық училищесінде емтихан тапсырғанда жазған диктанты да қазір Тұрар Рысқұлов туралы жинақталған мұралар қорын молайтып отыр.

— Сол құжаттар арқылы біз Тұрардың жастық шағынан-ақ күрескер болған болмысын таныдық. Ен алғаш «Бұқара» қазақ-қырғыз жастарының революциялық одағын құрғанын біліп, жазушы-журналист Мақұлбек Рысдәулетпен бірге архивтік ізденіс жұмыстарын жүргіздік. Бұл тақырып бойынша архивтегі үлкен еңбектің бірі — мұрағат құжаттарына шолу жасалды. Бүгінде ол

шолу көпшілікке таптырмас құралға айналып, өлкетану бағытында мектеп ұстаздары интерактивті оқулықтар дайындауда.

Ал Тұрар Рысқұловтың 50 беттік ғұмырнама — тарихшыларға теңдессіз олжа. Бүгінде ол құжат жіті зерттеліп, тарихшы-ғалым Ордалы Қоңыратбаев архив құжаттары негізінде Тұрардың күнделігін құрастырып, жарыққа шығарды.

Тұрардай тау тұлға туралы сөз қозғағанда жазушы Шерхан Мұртазаның есімі қатар айтылады. Өйткені Тұрардың биіктігін алғаш танытқан Шерағаның ізденісі еді. «Қызыл Сәбе» романында кездесетін Үсіп Сатыбалдин, Нұршанов, Сарымолдаев,

Токбаев, Жанұзақов сияқты үзегілері туралы деректерді алысқа бармай-ақ Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің құжаттарынан кезіктіруге болады. Ал Сатыбалдин тіпті Тұрармен бірге оқыған тұсын, «Бұқара» революциялық одағын құру сәттерін екі паракқа естелік етіп қалдырған. Үсіптің жазуынша, көтеріліске Меркі орыс-түземдіктер мектебінің түлектері белсене қатысқан. Бұл жөнінде түпнұсқасы Өзбекстан Республикасының орталық мұрағатында, көшірмесі Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағаттарында сақтаулы тұрған Тұрар Рысқұловтың партия қатарын тазалау науқанына байланысты және Сталинге жазып берген қысқаша өмірбаяндық жазбасында нақты әрі анық жазылған, — дейді Ш.Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының «Шерхантану» бөлімінің меңгерушісі Назым Қожамарова.

Осы құжатта Тұрар мектепті бітіргеннен кейін Меркіде соттың хат тасушысы болып жұмыс істегені айтылған. Одан кейін Пішпек ауылшаруашылық училищесін төрт жыл оқып бітіргені жазылған. Осы тұстағы ең қызықты мұрағат құжаты Тұрар білімін жетілдірмек мақсатта Самара орта ауылшаруашылық училищесіне құжаттарын тапсырады. Тұрар Рысқұлов естелік жазбасында: «Бір сөздің жалғауы дұрыс емес деп емтихан тапсырған 250 адамның арасындағы «жалғыз түземдік» екенімді де

еске алмастан құлатып жіберді» деп жазып күйінген. Одан соң қазақтың біртуар азаматы Ташкент мұғалімдер институтына оқуға түскісі келеді. Алайда бұл жерде оның мұсылман баласы екені алға тартылып, оқуға қабылдамай қояды. Жамбыл облысының мұрағат мұрасына осы оқу орнына түсу үшін жазған диктантының көшірмесі жетіп отыр. Тарихи құжатта бір тыныс белгісінен кәте жіберіп, «-5» деген баға алғаны көрсетілген.

Аяқтан шалып, оқуға әділетсіз қабылдамаған соң Тұрар Оқуағарту министріне арыз жазады. Алайда осы тұста 1916 жылғы дүрбелен басталып кетіп, Тұрар қайтадан Меркіге келіп, көтерілісшілер арасында түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстарын қолға алады. Бұл кезде Тұрардың жасы небәрі 22-де болған. Алайда тағы бір жазбаларға сүйенсек, Тұрар өз жасын біршама үлкейтіп жаздырғаны туралы айтылады. Демек, Ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде Тұрардың жасы 18-де болуы да бек мүмкін.

Бүгінде Жамбыл архивінде сақталып тұрған Тұрар Рысқұловтың қолжазба диктанты сөз жоқ, құнды мұра. Бала Тұрардың қолтаңбасы сүйсініп қана қоймай, сол тұстағы солақай саясат пен қазақ кешкен қиын-қыстау кезеңді аңғартып тұр.

Әрине, мұндай құнды мұралар өткен күннен сыр шертумен қатар, кейінгі ұрпақтың бойына патриоттық рухты ұялататыны анық. Әрі осындай тарихи ашылулар арқылы Тұрар туралы тағы тың деректер жарық көреді деген сенім мол.

Жамбыл облысы

«РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА» — ТҮРКІСТАНДА

Түркістан музыкалық драма театрында әлемдік классика саналатын Уильям Шекспирдің әйгілі «Ромео мен Джульетта» спектаклі қойылмақ. Түркістан музыкалық драма театрында 4 мамыр күні болатын премьерға байланысты актерлердің қатысуымен баспасөз конференциясы болып өтті.



Назгүл НАЗАРБЕК

Жаңа театр репертуарына қосылған классикалық шығарманы қазақ тіліне аударған — Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев. Ал қойылым режиссері бірнеше халықаралық және республикалық театр фестивалдарының лауреаты, 30-дан астам спектакль режиссері Дина Жұмабаева. Театрдың көркемдік жетек-

шісі Шынар Омарова бұл каншама ғасырлар бойы сахнада да, кинода да қойылып жүрген өлмейтін махаббат тақырыбындағы «Ромео мен Джульетта» спектаклін көрермен қанша көрсе де, жалықпайтынын жеткізді. «3 жыл бұрын эксперименталды театр болып ашылып, 25 жас шамасындағы жастарды жинаған едік. Міне, 3 жылдың ішінде әртістеріміз талай тарланнан тәжірибе алып, тай күнінен бапталған жастарымыздың үлкен сахнаға шығатын кезі келді. Сондықтан күрделілі-

гіне қарамай басты рөлді өзіміздің театр әртістері сомдайды. Біз классикаға енді келіп жатырмыз, осы уақытқа дейін қаланың мәдениетін қалыптастыру үшін қаншама тер төттік. Міне, енді біз де көрерменді тартуға дайынбыз, түркістандық көрермен де бізді қабылдауға дайын деген сенімдемін», — деп атап өтті Шынар Жұмаханқызы. Сонымен бірге талай туындысымен халықтың сүйікті режиссеріне айналған Дина Жұмабайдың келуі үлкен мәртебе екенін де жеткізді. Дина Жұмабай осы уақытқа дейін У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» спектаклін үш рет сахналаған. Әрбір қойылым стилі бір-бірін қайталамайды. Түркістан музыкалық драма театрының сахнасында готика стилінде көрсетілмек. Режиссер махаббат тақырыбының жан-жақты екенін, оны шығару да өте қиын екенін айтады. Сондай-ақ бұл қойылымда декорацияға емес, актерлерге бар күш жұмсалғанын жеткізді. Яғни, қойылымда декорация жоқтың қасы, актерлердің мықтылығы сыналатын сәт болмақ.

Спектакльдің негізгі идеясы Абайдың «Махаббатсыз — дүние бос» деген ұғымымен үндес. Басты кейіпкерлердің махаббатты бәрінен биік қойып, өздерін сол жолда құрбан етуі — соның дәлелі. Оған қоса, автор қос ғашықтың



сезімін қорғауда көрсеткен жанкештілігінің ежелден ерген дүшпандықты да, қоғамдағы шектеулерді де жеңе алатынын көрсетеді. Түркістан музыкалық драма театрының ерекшелігіне сай спектакльде заманауи сценография қолданылады. Оған қоса, хореографиялық композициялармен көркемдеу, жана әуен, танымал таланттар мен жас театрдың белді артистерінің ерекше ойыны, бәрі-бәрі «жаңа театр» стилінде.

Басты рөлдерде Түркістан музыкалық драма театрының жас актерлері: Ромео — Мұсафар Ғалымжанұлы, Данияс Нұрқабден, Джульетта — Акбөпе Жәнісбек, Нұрай Сайлаубаева. Сондай-ақ ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Қонысбек Бегайдаров, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Медғат Өмірәлиев, ҚР мәдениет қайраткері Зәмзәгүл Бегайдарова, танымал театр және кино актері Кенжебек Башаров,

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Саяжан Реал Бланко, қазақ киносының белді актрисалары Қарлығаш Тұрсынбекова, Жұлдыз Абдукаримова да бар. Қоюшы суретшісі — Айнұр Есболотова, композиторы — Нұрсұлтан Төреәли, хореографы — Мәдина Мұратпекова, грим бойынша суретші — Адэль Нұрқасымова, көркемдік жетекшісі — Шынар Омарова.

Спектакль премьерасына арналған баспасөз конференциясынан соң Түркістан музыкалық драма театры ғимаратының бұрышынан махаббат символы ретінде «Ромео мен Джульеттаға» арналған белгінің ашылуы болды. Енді театрға келген қос ғашық осында жүрекше сызып, ішіне есімін жазып кете алады. Сонымен, спектакльге сәттілік, көрермені көп қойылым болсын!

Түркістан облысы

10 АРНАНЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ТЕЛЕМАРАФОН



Бірлік күні мерекесіне орай тұңғыш рет қазақстандық 10 телеарна бірігіп «Біз біргеміз!» атты жалпыұлттық телемарафонын өткізді. Қазақстанда соңғы 80 жылда болған ең ірі табиғи апат – су тасқыны тақырыбын арқау еткен тікелей эфир 5 сағатқа ұласты. Телемарафон аясында Qazaqstan, «Хабар», Jibek Joly, «Еуразия», «КТК», «31 арна», Atameken Business, Astana TV, «7 арна» және Almaty TV арналары эфирінде жауапты тұлғалар тасқынның салдары және мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралар жайын айтып берді.

Тікелей эфирге тасқынның зардабын жоюға жауапты бірқатар министрлік басшыларынан Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Қаржы министрі Мәди Такиев, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарпаев, Қорғаныс министрлігінің ресми өкілі Руслан Жангулин, Су ресурстары және ирригация министрінің бірінші орынбасары Болат Бекнияз, Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспанов, Парламент депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері мен еріктілер қатысты.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің айтуынша, қазірге дейін су тасқыны болған өңірлерден 119 мың адам толық эвакуацияланған. Оның 45 мыңға жуығы – бала. Төтенше оқиға басталғалы тасқын болған өңірлерге Қарулы Күштердің 5 400-ден аса әскері, 230 техникасы, 12 тікұшақ пен 5 әскери ұшақ жұмылдырылған.

«Жер үйлері суға кеткен азаматтардың баспана құрылысы 1 маусымда басталады. Жаппай құрылыс келесі жылы маусымына дейін жалғасуды немесе зардап шеккендердің әрқайсысына бағасы 22 млн-нан аспайтын дайын пәтер ұсынылады», – деді Өнеркәсіп және құрылыс министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Қанат Мынбаев.

Бүгінге дейін тасқын зардабын жоюға меценаттар мен ірі компаниялардан 200 миллиард теңгеден аса қаражат жиналған. Бұл қомекты қаржы мектептер мен үйлер, балабақшалар мен жол салуға жұмсалды. «Біз біргеміз!» телемарафоны барысында су тасқынының алдын алу бойынша Су ресурстары және

ирригация министрінің бірінші орынбасары Болат Бекнияз 2030 жылға дейін жалпы саны 20 көлемді су қоймасын салу жоспарланып отырғанын айтты.

Телемарафонда тасқын судың алдын алуға және зардабын жоюға өзара көмек қолын соза білген ел тұрғындарының қайырымды әрекеті жайында жан-жақты айтылды. Күн райы қолайсыз болса да, 280 адамды ұшақпен эвакуациялап, тасымалдаған әскери ұшқыш Бибарыс Ибраевтың жанкештілігі баяндалды. Тікелей эфирде қайыппен 200 адамды аман алып қалған актөбелік құтқарушы Ерсайын Нұржановтың ерлігі де айтылды. Петропавлдағы тасқын судан зардап шеккен тұрғындарды тегін тасып, халықтың ризашылығына бөленген жүргізушілердің ізгі ісі де көрсетілді. Орал қаласының шетіндегі саяжайларға су жайылып, үйлерінде қалып қойған тұрғындарды құтқарған сержанттар, мектеп мүлкін судан аман алып қалу үшін күрескен Қостанай облысындағы Алтынсарин ауылының ұстаздары, 1000-нан аса еріктінің басын қосқан «Жүректен жүрекке» волонтерлік клубының мүшесі Әлішер Садықтың өнегесі баяндалды.

Жалпыұлттық телемарафон барысында айтылған ресми ақпаратқа сүйенсек, қазір зардап шеккен 13 547 отбасы 4,9 млрд теңгеден аса бірреттік төлем алды. Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан мен өзге де өңірлердің тұрғындарынан көмек алу бойынша жалпы саны 22 748 өтінім түскен. Бүгінде су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы 527 үйді қалпына келтіруге 682 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Ақмола, Қостанай, Қарағанды және Павлодар облыстарында 50-ден астам отбасы үйлер мен пәтерлерге қоныстанды.

Қоғамдық штаб өкілі Әскер Пириев тасқын кезінде қызмет еткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мыңға жуық еріктісі туралы сөз қозғады. «Жүректен жүрекке» акциясы барысында 800 миллион теңгеден асатын гуманитарлық көмек көрсетілген. Телемарафонда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жедел штаб құрып, «Қиындықта ел бірге» акциясын жариялап, қор ашып, мешіт қызметкерлері мен жамағаттан құралған 2000-нан аса еріктіні тартқаны айтылды.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова телемарафонда маңызды дерек келтірді.

«Су тасқынының алғашқы күнінен бастап барлық медицина қызметкері су алған облыстарда күні-түні жұмыс істеді. Тасқын аймақтарынан 440 әйел облыс орталықтарына көшірілді. 460-қа жуық жүкті келіншекті аман-есен босандырып алдық. Созылмалы ауруы бар науқастарды дер кезінде дәрімен қамтамасыз ету ісі бақылауымызда. Барлық жерде медициналық бекет ұйымдастырылды. Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмысы ұдайы жүргізілді. Гуманитарлық көмек ретінде келген ас-су да жіті тексеріліп отырады. Кезең-кезеңімен сараптама жасалынып, қорытындысын бақылап отырмыз. Ауру тарау дерегі тіркелген жоқ. Су тасқыны болған өңірлерде үйлермен қоса мәйіттерді, жануарлар көмілген шұңқырларды шайып кетіп, қауіпті індет таралып кету қаупі болды. Соған орай біз бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес тиісті жұмыс жүргізіп, судың сынамасын алып отырмыз. Бүгінге дейін 6000 нысан дезинфекцияланды. Барлық аймақта дезинфекциялау шарасы әлі де жүріп жатыр. Маска режимі енгізілмейді», – деді А.Әлназарова.

Телемарафон барысында 48 спикер 10 арнаның тікелей эфиріне шықты. Телемарафонда 10 арнаны 21 тележүргізуші бірінен соң бірі сөз алып, эфирді тізгіндеп отырды. Телемарафонның негізгі ұйымдастырушысы – «Қазақстан» телерадиокорпорациясы. Корпорация басшысы Ләззат Танысбай:

«Қиын кезеңде бәрімізге күрделі шешімдер қабылдауға тура келеді. Отандық телевизия тарихында форматы мен ауқымы жағынан мұндай марафон тұңғыш рет өтіп отыр. Жекеменшік және мемлекеттік арналар бірігіп 5 сағаттық эфир ұйымдастырды. Бұл жерде халықтың ауызбірлігімен қоса, еліміздегі телеарна мамандарының ынтымағы да айқын көрінді», – деді.

Шараның онлайн трансляциясы 10 телеарнаның эфирінде, ресми сайттарында, Facebook және YouTube желілерінде, сондай-ақ Telegram-арналарында жүргізілді.

С.БЕГІМБАЕВА

ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТҚАН ҮШ КІТАП

Ұлттық академиялық кітапханада қоғам қайраткері, қарымды қаламгер Әкім Ысқақтың «Адам іздеп жүрмін!» атауымен өнер кеші өтті. Кездесуде жазушы-журналист, сазгер, сатириктің «Менің Қосжаным», «Күн ұлымын», «Біздің Бапақ» кітаптарының тұсауы кесілді.



Тағылымы мол рухани іс-шарада оқырман қолына енді тиген туындының біреуі ақын Қосжан Мүсірепов туралы болса, қалғаны балаларға арналған. 30-ға жуық кітабы жарық көрген жазушының «Қошқандар» өлеңі 1974 жылы жарияланыпты. Сол жылдардан бастап ол «Жүректігі жазуларын» жалғастырып келеді.

– Адамда жүрек болса ғана бір-бірін іздейді, сағыныш болады. Кездескенде жаттанды сөз емес, жүрек үнін айтады. Мен үшін бұл кеш сондай болды. Атам жарықтықтың қайтыс болғанда кабинетіндегі үстелінен екі қалың дәптері табылды. Осыдан 50 жыл бұрын

жазылған: «Ешқашанда жақсылықтан үміт үзбедер. Жамандық іздеме. Адал адамдар іздендер, олар өмірдің мәні мен мағынасын ұғындырады» деген өсиет сөздер ешқашан жадымнан шыққан емес. Шынында, мен өмір бақи адам іздеп жүрмін. Кітабымның аты да «Адам іздеп жүрмін», – деді жазушы Әкім Ысқақ.

Қаламгердің «Ерте есейген қыз», «Темір табыт», «Асқаровтың кадры», «Көңіл қымбат», «Алтын» туындылары оқырманның әлі жадында. Әдеби-сазды кеште өнер иесінің өндері шырқалып, көпшілік қауым көркемөз шеберінің жырларымен сусындады.

«ҚАРА, БАЛАМ» АҚШ-ТА ЖАРЫҚ КӨРДІ

АҚШ-та сәбилер үшін қазақ, қырғыз, ағылшын және орыс тілінде жазылып, безендірілген ерекше кітап жарық көрді. Шетелдегі қазақ пен қырғыз балаларын өз халқының үлгі-өнегесімен тәрбиелеуді көздеген әріптес жандар «Қара, балам» атты жинақты жарыққа шығарды.

– Бұл нәрестелерге арналған кітапты ақ-қара түстер жасап шығардық. Себебі сәбилер алғашқы екі-үш айдан бастап алты айға дейін түрлі түсті бояуларды дұрыс көре алмайды. Әрі қазақ пен қырғыз халықтарының мәдениеті мен тілін жоғалтпай, балаларымызға да бергіміз келді, – дейді кітаптың авторы Айсалқын Ботаева.

Ал суретші Ерден Зікібай сәбиге төрт тілде мәлімет беретін жаңа жинақты безендіру кезінде қазақ оюларын зерттеп, ұлттық накыштарға айрықша басымдық бергенін айтты.

– Қазақтың ою-өрнегі туралы Ералы Оспанов деген суретші жасаған осындай бірнеше кітап бар.

Соларды мен жақсылап тұрып оқып, іздендім. Табиғат, жануар, солардың бейнелерін тікелей біздің ою-өрнектерімізге негіздеп жасалдым. Себебі ата-бабаларымыздың жасаған суреттері мен қазіргі балалардың арасында байланысты үзбей жалғастырып келді, – деді суретші Е.Зікібай.

Кітаптағы басты сурет – күн. Ол Қазақстан мен Қырғызстанның туында бар. Сондай-ақ Алатау тауларында кең таралған, ежелгі сақ дәуіріндегі алтыннан жасалған әшекейлердегі ілбіс бейнесі бар. Ол Алматы мен Бішкектің таңбасында бейнеленген. Суретші Ерден осы символдарды екі елді байланыстыратын белгі ретінде алған.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді КҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Көшірмалар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4442
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.